

Аударған: Дидахмет Әшімханұлы

Джек Лондон

БІР КЕСЕК ЕТ

Том Кинг ақырғы нан кесегімен сұйық қамырдың ең соңғы түйірін іліп алды да, сонымен тәлеңкені тап-таза етіп сүртіп, әлгіні ұзақ отырып әбден шайнады. Ол үстел басынан өзекті жалаған алапат аштық түйсігімен тұрған. Және тамақтанған да жалғыз өзі ғана болатын. Екі кішкене ұл құрсақтарының бостығын ұйқы кезінде ұмыта тұрар деген үмітпен көрші бөлмеге ертерек жатуға жайғастырылған еді. Әйелі асқа жолаған жоқ, күйеуіне сонадайдан мұндана қарап, үн-түнсіз отыр. Ажары тая қоймағанмен арық, жүдеу- жадаулау бұл әйел □ жұмысшының қызы. Қамыр тұздық даярлайтын ұнды көршілерінен қарызға алған. Соңғы жарты пенниі нан алуға жұмсалды.

Терезе түбінде қирағалы зорға тұрған орындыққа ауыр салмағымен сықырлата отырған Том Кинг езуіне үйреншікті дағдысымен трубкасын қыстырып, жан қалтасына қол салды. Одан темекінің жоқтығы есіне түскенде өз-өзін ұмытшақтығы үшін бір сыбап алып, түтікшесін былай ысырып қойды. Қимылы сылбыр, тіпті ебдейсіз еді □ сырт қарағанда буылтық-буылтық бұлшық етінің салмағынан қорлық көріп жүрген кісіге де ұқсап кетеді. Бұл өзі өте сұсты, аса айбарлы адам болатын; түр-тұлғасын тым тартымды деуге келе қоймайды. Үстіндегі ескі киімі іле салған қапша салбырап тұрады. Тозған башмақтары да күні өткен ауыр нәлмен тағаланған. Екі шиллингтік арзан жейдесінің жағасы да әбден оңған, ал оған сіңген кірді енді ешбір сабынның ала алмайтыны анық.

Том Кингтің кәсібін оның түрінен-ақ жазбай тануға болады □ кескіні нағыз кәнігі боксшынікі. Шаршы алаңдағы ұзақ жылғы жұмысы бойына әлдебір айқасқа әзір тұратын жыртқыштың сақтығын дарытқан. Осынау түнеріңкі адамның

жақтары барлық сықпыты мейлінше айқын көрінсін дегендей мұқият қырылған. Сиықсыз еріндері қалай болса солай орналасқандықтан аузы жатқан бір жара сияқтанады. Ауыр, шомбал иегі алдыға қарай шығып тұр. Домбыққан қабақ пен жүндес қастың астындағы көздерінің де тым баяу қозғалатыны сондай, тіпті, тіршілік белгісі жоқ па деп қаласыз. Иә, Кингтің сырт келбетінен әлдебір жыртқыштықтың белгісін, әсіресе, ұйқылы-ояу көзінен шайқасқа түскелі тұрған арыстанның мінезін анық аңдар едіңіз. Тар маңдайы тайқы біткен, ал тықырлау күзелген шашының астынан кедір-бұдыр басының әр қыртысы анық көрінеді. Қисапсыз соққыдан жайыла жапырайып, екі мәрте сынған мұрны мен сиқынан айрылғаны сонша □ ұдайы ісінгендіктен, өзінің қалыпты деңгейінен екі еседей үлкейіп кеткен қалқан құлақтары да мүлде көрік қосып тұрған жоқ, ал таяуда қырылған сақалының орны көкпеңкөк.

Қысқасы, Том Кингтің сықпыты әлдебір қараңғы тұста немесе оңашалау бір орындарда ұшырасса адамның зәресін алар еді. Дегенмен, ол ешбір қылмыскер емес-тін, және ешқашан бұзақылыққа барып та көрмеген. Кейде әлдекімдермен сөзге келіп қалатын жәйттері кездеседі □ бұл оның ортасында үйреншікті нәрсе, ал жалпы өзінің жан баласына зияны тиген емес. Мұның ұрыс-керіс шығарған сәтін ешкім көрмепті. Том Кинг кәсіпқой боксшы болатын, сондықтан барлық жауынгерлік кәріні кәсіби сыйыстар үшін сақтайды. Рингтен тысқары жерлерде ол мүлде сылбыр, жуас адам, жас шағында ақшаны көпіртіп ұстаған кездерінде оны өз жағдайына қарайламастан мырза қолымен өзгелерге тарататын әдеті бар-тын. Кек сақтамайды, сол себептен дұшпандары да сирек. Шаршы алаңдағы ұрыстар бұл үшін күнкөріс көзі. Рингте соққыларын қарсыласын қаусатып, жарадар етіп, қатардан шығару үшін жасайды, бірақ сонысының өзінде өшпенділік деген болмайды. Бұл оның әдеттегі шаруасы. Көрермендер қарсыластардың бір-бірін қалай құлататынын көруге келеді. Жеңімпазға қомақты ақшалай сыйлық беріледі. Том Кинг бұдан жиырма жыл бұрын Улумулу Гуджермен кездескенде Гуджердің астыңғы жақ сүйегінің Ньюкаслкс сайысында сынып, жазыла бастағанына небәрі

төрт ай өткенін білетін-ді. Сондықтан да дәл сол жерді көздеп, тоғызыншы раундта тағы сындырып тынды, бірақ мұны Гуджерге деген қаскөйліктен емес, оны қатардан шығарып жүлденің ақуымды бөлігін алу үшін жасаған еді. Гуджер де бұған тіс қайрай қойған жоқ. Ойын заңы солай, екеуі де соны білді һәм басшылыққа алғандары да сол болатын.

Том Кинг сөзшең емес-ті. Терезе түбінде тым-тырыс отырған ол тұнжыраған күйі өзінің қолдарына қарайды. Білегінің ішкі жағында жуан қан тамырлары адырайып тұр, ал саусақтарының жапырайған ұсқынсыз буындары өздерінің атқарып жүрген қызметтерінен сыр аңдатқандай. Том Кинг адам ғұмыры оның күре тамырының тіршілігі дегенді естіген емес, бірақ оған осынау ісінген, жуан тамырлардың мәні жақсы таныс болатын. Жүрегі сол арқылы сұрапыл қысыммен өте көп мөлшерде қан айдайды. Олар, тіпті, өз міндеттерін атқара алмауға айналған. Шамадан тыс салмақ салып бұлардың да қалыпты жұмыс ырғағын бұзды, сонымен бірге өзінің де төзімділігін жоя бастайды. Енді тез шаршайтын болған, бұрынғыдай гонгтан-гонгқа дейін жын соққандай аласұрып, жанталастырған жиырма раунд бойы өз иығын өзі жұлып жеп, бірде керілген арқанға өзі тіреле қалып, бірде соған қарай қарсыласын тықсыра түсіп, әр раунд сайын шабуылдарының қарқынын үдеткен үстіне үдетіп, жекпе-жектің соңғы, жиырмасыншы кезеңінде бүкіл зал орындарынан атып тұрып гу ете түсетіндей, барлық күш-қуатын бір арнаға тоғыстырып, бәсекелесін жұдырық астына алып, өзі де соншама таяққа төтеп бере жүре алма-кезек жалтара кетісіп, одан қайта-қайта талмай шабуылдап, сол мезгілде асау жүрегі бүлкілдей тасыған тамырларына үздіксіз қан айдап, соққыдан соққы жасай алмайды. Ұрыс кезінде көлемі ұлғая түсетін күре тамырлары кейін сәл солады, алайда түгелдей емес, □ әйткенмен әрбір жолы аңдампаз көз олардың бұрынғыдан әжептәуір кеңіп кеткенін байқар еді.

Том Кинг өзінің қан тамырлары мен саусақтарының мылжа-мылжа буындарына қарап отырып, бір мезет осынау қолдардың алғаш “Валли Құбыжығы” деген лақап

есіммен танымал Бекни Джонстың басына тиіп, сүйектерінің бірін майыстырып алғанша балғын, сүйкімді пішінді болғанын есіне түсірді.

Аштық қайтадан мазалай бастаған.

□ Ех! Бір кесек еттің табылмағаны ма! □ деп міңгірледі ол өзінің дәу жұдырығын түйіп, ақырын ғана жекірініп.

□ Іздеп көрдім, Берк пен Соулейден де сұрадым, □ деді әйелі кінәлі кейіппен.

□ Бермеді ме? □ деді бұл.

□ Жарты пенниге де бермеді. Берк айтты...

Әйел күмілжіп қалған.

□ Айтсайшы! Не деді ол?

□ Азық-түлікті менен онсыз да көп алып қойдыңдар және, тәрізі, Сэндрл енді сенің сазайыңды беретін шығар деп отыр.

Том Кинг жөткірінді, бірақ үндемеді. Кенет оның есіне өзінің жастау кезінде етке тойдырып асыраған бультерері оралды. Ондай кез болса Берк Кингке әбден сеніп, бұған қарызға мың бифштекске дейін берер еді. Ал қазір заман өзгерген. Том Кинг қартайды, ал екінші разрядты клубтардағы жарыстарға қатысушы кәрі боксшылар ләпкершілерден әлдебір жөні түзу несие ала алмайды.

Том Кинг осы таңда бір кесек сиыр етіне аңсары ауып оянған еді, енді сол құмары тояттанбай тыншитын емес. Оның үстіне бұл алдағы шайқасқа ойдағыдай дайындала алмай жүргенін білетін-ді. Биылғы жыл Австралияда қуаң болды да, жұрттың бәрінің жағдайы мүшкілдеп кездейсоқ жұмыс табудың өзі мұң болып кетті. Томның бірге жаттығатын әріптесі жоқ еді, әрі нашар ауқаттанатын. Тойып тамақ ішкен сәті сирек. Ыңғайы келгенде бірнеше күн бойы қара жұмыс атқарады, ал таңертең аяқтарын ширату үшін Домен бағын айнала жүгіреді. Серігің болмаса жаттығу да қиын, оның үстіне өзіңе қарап отырған әйелің мен балаларыңды асырауың керек. Сэндрлмен арада өтетін сайыс мұның ләпкершілерден алатын несие көлемін көтере қоюы да неғайбіл. Гейети клубының хатшысы бұған жеңімпазға тиемел жүлденің бір бөлігі ретінде алдын ала үш фунт берді, бірақ

бұған қосымша ештеңе бере алмайтынын ашық айтты. Кингке анда-санда ескі жолдастарынан үзіп-жұлып бірнеше шиллинг алудың сәті түскен; олар, әрине, өздерін де тығырыққа тіреген құрғақшылық болмаса көбірек те берер еді. Жоқ, бірақ жасыратын несі бар, сайысқа өз даярлығы өте нашар болатын. Дұрыс тамақтанып, бас қатыратын шаруалары аздау болса бір сәрі. Және қырыққа келгенде қалыпқа түсе қою да оңай емес, жиырмада да емессің.

□ Сағат неше болды, Лиззи?

Іргелес үйдегі көршілерінен уақытты біліп қайтуға тұра жөнелген әйелі лезде қайта оралды.

□ Сегізге он бес минут қалды.

□ Алғашқы ұрыс бірнеше минуттан кейін басталады, □ деді ол. Ол тек сынақ сайысы. Одан соң төрт раунд Диллер Уэллс пен Гридлидің арасында, бұдан кейін он раунд Скайлайт пен әлдебір теңізшінің арасында өтеді. Мен кемінде бір сағаттан кейін шығамын.

Сөйтіп он минуттей үн-түнсіз тағы отырған ол әлден уақытта орнынан тұрды.

□ Шынымды айтсам, Лиззи, менде дұрыс дайындық болған жоқ.

Кинг бас киімін алып есікке қарай беттеді. Ол әйелінің бетінен өп□ кен жоқ, □ қоштасарда ешқашан сүймейтін еді, □ бірақ бұл жолы өзі сүюді ұйғарған зайыбы оны қос қолдап мойнынан қысып басын еңкейтті; әйел алып денелі күйеуінің жанында тіпті шүйкедей ғана болып көрінген еді.

□ Жолың болсын, Том, □ деп сыбырлады ол. □ Сен оны жеңуге тиіссің.

□ Иә, мен оны жеңуім керек, □ деп қайталады бұл да. □ Басқа әңгіме жоқ. Мен оны еңсеремін, бар жоғы сол ғана.

Ол жорта жайдарылана күлді. Ал әйелі мұны әлгісінен де қаттырақ құшақтай түскен. Бойы сорайған бұл жұбайының иығынан асырып жұпыны бөлмеге көз тастады. Өзінің дүниедегі барлық жиған-тергенінің бәрі осы-ақ: көптен бері ақысы төленбеген бөлме, әйелі мен балалары. Бұл жан серігі мен бүлдіршіндерін асырау үшін осыларды тастап, түн қатып жолға шығар еді, бірақ табысты станогына

беттеп, бірыңғай жанкешті еңбегімен табатын жаңа заманғы жұмысшыдай емес, ежелгі алғашқы қауымдық құрылыс дәуіріндегідей жыртықшылық жолмен □ айқаспен келтірер еді.

□ Мен оны жеңуім керек, □ деп қайталады ол бұл жолы тістене түсіп. □ Егер сұлатсам отыз фунт аламын да, барлық қарыздарымнан құтыламын және қаншама ақша қалады одан. Жеңе алмасам түк те жоқ, бір пенни де ала алмаймын, тіпті, үйге жететін трамвай жолақысы да тимейді. Ал қош бол, кемпір. Жеңіске жете қалсам тікелей үйге ораламын.

□ Мен жатпаймын, күтемін! □ деп дауыстады соңынан жүгіре шыққан әйелі сатыдан мойнын созып.

Гейети клубына дейін жап-жақсы екі мильдей жол жатыр еді, көшеде адымдап келе жатқан Том Кинг кезіндегі, сонау бақытты сәттеріндегі өзінің ауыр салмақ бойынша Жаңа Оңтүстік Уэлстегі чемпион болғанын, жарыстарда кеб көлігімен жүргенін, ал бұл үшін орасан ақша тігушінің өзінің асты-үстіне түсіп, көліктің ақысын төлейтінін есіне түсірді. Енді міне, анау Томмен Бернс те, мынау зәңгі янки Джек Джонсон да автомобильмен жүр, ал бұл болса жаяу сүйретіліп келеді! Ал мына жатқан екі мильді өту ұрысқа деген керемет дайындық емес екенін кім білмейді. Бұл қартайған, өмір болса кәрілерді жарылқай қоймайды. Енді қара жұмыстан өзге бірдеңеге жарай қоюы қиын, сынған мұрын мен мылжаланған құлақтың да кедергі келтіріп бағатыны анық. Өзге бір кәсіп игеріп алмағаны да ішті ашытады. Иә, қарап отырса, сөйткені жөн екен. Бірақ уақытында ешкім ондай кеңес бере қоймапты. Әйткенмен, жан-жүрегімен ұғынады □ бұл онда бөгде біреулердің ақылына бәрібір құлақ аспас еді. Онда бәрі оңай келетін. Мол ақша, қызу да дүбірлі сайыстар, ал арасында ұзақ демалыс кезеңдері, бос жүріс болады... Айналаңда қаптаған жағымпаздар... Арқадан қағу, қол қысу... Мұнымен бес минут тілдесіп қалудың өзін мәртебе көріп, үсті-үстіне виски ұсынған ақсүйек кербездер... Сөйтіп осының бәрі көпшілік көрермендердің дүр сілкіне толқуына,

дүбірлі мәреге, төрешінің: “Кинг жеңіске жетті!” деп хабарлауына ұласады, ал ертеңіне газеттер мұның атын спорттық бағанасына шулатып жазып жатады.

Иә, ғажайып кезең еді! Ал енді содан кейін өз әдетінше сол төңіректе ақырындап ұзақ толғанып көрсе, дәп бұл онда қарттарды тұғырдап тайдырып жүрген кезі екен. Сол сәттерде өзі жарық жұлдыз, Жастық екен де, әлгілер Кәрілікке бет түзегендер көрінеді. Оларды жеңу себебі де түсінікті сияқты: қан тамырлары адырайған, буындары мылжа-мылжа, қисапсыз шайқастардан әбден әлсіреген адамдар болатын. Раш-Каттерс Бэйде ол сегізінші раундта кәрі Стоушер Биллді соққыға жығып, тізе бүктіргені есіне түсті, сонда ол шешінетін орнында балаша жылап еді. Мүмкін Билл әлгі кезде пәтерақысын төлей алмай жүрген шығар? Әлде үйінде әйелі мен балалары күтіп отырды ма екен? Бәлкім, Билл сайысқа шығатын күні аш болып, бір кесек етті аңсады ма? Қарт берілмей қасарысып бақты, ал бұл оны оңдырмай соғып еді. Енді сол қарсыласының кебін киген Том Кинг осыдан жиырма жыл бұрынғы сонау кеште Стаушер Биллдың бәске даңққа бола, жеңіл келетін ақша үшін шайқасқан жас Томға қарағанда көбірек шығынданғанын жіті түйсінді. Сайыстан соң Стоушер Биллдың шешінетін жерде жылау сырын түсінбейтін не бар?

Иә, қарап отырса, әркімге айқас санына арналып берілетін күш те өлшеулі екен. Ұрыстың темірдей заңдылығы осы. Біреу жүздеген сайысқа, ал келесі әлдекім тек жиырма шайқасқа ғана төтеп беруі мүмкін; әркім өз болмысы мен күш-қуатына сәйкес белгілі бір кезеңге дейін бара алады, ал бұдан кейін ол біткен адам. Әйтеуір Том Кингке өзгелерге қарағанда көптеу мүрсат беріліп, мұның маңдайына өкпесі мен жүрегіне жарылып кетердей күш салып, сан алуан қиян-кескі, қатігез ұрыстар өткізу жазылыпты, содан да қан тамырлары ажардан айрылып, тал шыбықтай икемді тұрпаты біртіндеп дөрекіленіп, бұлшық еті сіңірлене түсіп, жүйкесі де тозып, денесі мен миы ауыр салмақтап мүлде қалжыраған болатын. Иә, бұл басқаларға қарағанда көптеу жүріпті! Мұның ескі достарының бәрі шаршы алаңнан

әлдеқашан кеткен. Бұл кәрі сарбаздар тобының ең соңғы өкілі-тін. Олар қатардан мұның көз алдында шыққан, енді міне, өзі де сол межеге қадам басыпты.

Мұны жасамыстарға қарсы шығаратын еді де, бұл оларды, мәселен, шешінетін орында Стоушер Биллдің жылағанындай күлкі етіп, бірінен кейін бірін шақ келтірмей жайпап шығатын. Міне, бұл да қартайды, енді жастар мұның өзін күштерін сынайтын нысанға айналдырған. Мысалы, анау Сэндл сайыпқыранды алайық. Ол атағын шығарып, Жаңа Зеландиядан келген. Бірақ мұнда, Австралияда ешкім білмейтін оны кәрі Том Кингке қарсы шығарғалы отыр. Егер Сэнди өзін көрсете білсе оған күштірек қарылас береді де, жүлде көлемін өсіре түседі. Сол себептен ол бүгін аянбай шайқасады. Өйткені бұл сайыста бәріне де қол жеткізе алады □ жүлдеге ақша да, атақ пен мансап та тігілген. Ал даңқ пен дәулетке бастайтын осынау кең жолды кәрі, бозбас Кинг кес-кестеп тұр. Кинг болса үй иесі мен ләпкешілермен есеп айырысатын отыз фунттан артық ештеңе ұта алмайды. Осыны ойлаған сәтте оның мүлгіген миында өзі сап-сау, өкпе-қолқасы шаршап-шалдығуды дегенді білмейтін, терісі жібектей құлпырып, бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнап гүл жайнаған Жастықтың бейнесі пайда болды. Күш-қуатын баптағандарды күлкі қылатын Жастықтың бейнесі! Иә, Жастық деген □ Жаза! Ол осынау қимыл-әрекеті арқылы өз-өзін жоя бастайтынын ойланбастан қарттарды ойсырайта опырып жібереді. Алайда біртіндеп күре тамырлары білеуленіп, саусағының буындары жапырыла түсіп Жастықтың өзі жеңіледі. Әйткенмен, Жастық әрдайым балғын. Тек кезектескен ұрпақтар қатары ғана қартаяды.

Кеслри-стрит тұсына жеткенде солға бұрылды да, үш квартал өтіп Гейети клубына келді. Кіре берісте иін тіресіп тұрған жастар легі ізетпен ығысты. Бұл сыртынан шыққан:

□ Сол! Том Кингтің дәл өзі! □ деген дауыстарды естіді.

Шешінетін жерге беттеп бара жатып хатшыны □ түрі түлкінің сықпытына ұқсас жылмаңкөз жігітті ұшыртты. Ол қол ұсынған.

□ Көңіл күйіңіз қалай, Том? □ деп сұрады ол.

□ Тамаша! Піскен алмадай тып-тыңмын! □ деп жауап қатты Кинг шіп-шикі өтірік айтып тұрғанын білсе де.

Дәл қазір қалтасында жалғыз фунт стерлинг жатса ойланбастан бір кесек жақсы етке бола бере салар еді.

Шешінетін орыннан өзінің секунданттарына еріп орындықтар арасымен зал ортасындағы арқанмен қоршалған шаршы алаңға беттеп келе жатқанында асыға күтіп отырған көпшілік дүр етіп, ду қол шапалақтап қарсы алды. Оңына да, солына да иіле бас иген Том Кинг өзіне таныс адамдардың аз екенін аңдаған.

Көрермендердің көпшілігі бұл рингте алғаш жеңіске жете бастаған тұстарда жарық дүниеге келіп те үлгермеген жасөспірімдер еді. Керілген арқандардың арасынан лып етіп өткен Кинг шаршы алаңға жеңіл ырғып шықты да, өз бұрышына барып, жинамалы орындыққа жайғасты. Төреші Джек Болл мұның қолын қысуға ұмтылды. Рингке шығуды доғарған бұрынғы боксшы Боллдың сайысқа түспегеніне он жылдан асқан. Кинг төрешілікке Боллдың тағайындалғанына қуанып қалды. Бұлардың екеуі де шау тартқан адамдар. Том Боллға сенім артуға болатынын білді. Егер бұл Сэндлмен шайқаста ережеден тыс әлдебір қимыл жасап қалса Болл оны көрмеген бола қалады.

Ауыр салмақты жас боксшылар бірінен кейін бірі алаңға көтеріліп жатты, ал оларды көпшілікке таныстырған төреші сол бойда-ақ сайысқа түсушілердің бәске тіккен қаражат көлемін жариялаған.

□ Солтүстік Сиднейден келген жас Пронто жеңімпаздарды шақырады, □ деп айқайлады ол. □ Бәске елу фунт тігеді!

Көпшілік қол соқты. Арқандар арасынан ырғып өтіп, өз орнына жайғасқан Сэндлді де ду қол шапалақтап қарсы алысқан. Том Кинг қарсыласына тесіле қарады. Енді бірнеше минуттен кейін екеуі бір-бірін естен тандырып сұлатып түсіргенше жандарын салатын шайқасқа түседі. Алайда бұл Сэндлдің тұлғасын анықтап көре алмады, себебі ол да өзі секілді спорттық костюмнің сыртынан ұзын шалбар мен свитер киіп алыпты. Сэндл ер кескінді, әдемі жігіт екен, маңдайына

алтын түстес бұйра кекілі төгіліп тұр. Мығым, етті мойны алып күш иесі екенін байқатады.

Жас Пронто қарсыластарымен қол алысу үшін бұрыш-бұрышты айналып өткен соң рингтен секіріп түскен. Таныстыру жалғаса берді. Әзірге таныла қоймаған, бірақ жеңімпаздармен күш пен айлакерлік жағынан тартысқа түсуге даяр екенін айдай әлемге жариялауға асыққан жас перілер шаршы алаңға кезек-кезегімен көтеріліп жатыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын ешкімді бет қаратпай жеңіп, даңқтың шыңына көтерілген Том Кингке ұрыс алдында өткізілетін салтанатты шаралар іш пыстыратын күлкілі нәрсе болып көрінуші еді. Ал қазір дуаланып қалған адамша сілейіп, осынау Жастық шеруінен көз айыра алмайтын халге түскен болатын. Өмір заңы осы □ жас буын өкілдері арқан арасынан бірінен кейін бірі өтіп, айналадағылардың бәрін күш сынасуға шақырысады. Ал шау тартқандар жеңіліс тауып, олардың алдында тізе бүгуге мәжбүр. Иә Жас сайыпқырандар табысқа қарттарды таптап өту арқылы қол жеткізеді. Және өздері спортқа лег-легімен келіп жатады. Жастық дегенің өзі де осы □ олар жеңіске тойымсыз. Алайда жолдарынан кәрілерді ысырып тастай салатын олар келе-келе өздері де қартайып, солардың көшіне қосылады, осылайша түрлі ұрпақ буындары алма-кезек орын алмастырып отырады. Бұл салт ғасырдан ғасырға жалғаса бермекші, ал өз жолымен жүріп отыратын Жастық ешқашан өлмек емес.

Кинг журналистер отырған орынға көз тастап, “Спортшыдағы” Морган мен “Рефериде” істейтін Корбетке бас изеді. Бұдан соң өзінің көмекшілері Сид Сэлливен мен Чарль Бейтске қолын созған. Олар бұған қолғап кигізді де, оның бауын алдында Кингтің буындарына тартылған орауышты тіміскілей тексерген Сэндлдің көмекшісінің көзінше мықтап байлап берді. Кингтің жәрдемшісі де Сэндлге қатысты өз міндетін қарсыластарының манағы әрекетіне сайма-сай атқарған. Сэндл шалбары шешілгеннен кейін орнынан тұрып, оның свитері де басы арқылы сыпырылып алдынды. Сол сәтте Том Кинг жылтылдаған тері астынан бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнаған нағыз апайтөс Жастықтың кескінін көрген еді.

Том Кинг ұзақ уақытқа созылатын шайқастар әрбір жолы Жастық нәрін сарқа түсіп, біртіндеп өмір қайнарын түгесе беретін сайыстарға әлі шығып үлгермеген, күш-қуаты арнасынан асып-төгілген бұл дененің дер шағында екенін аңдады.

Қарсыластар бір-біріне қарай беттеді; Гонг соғылды да жәрдемшілер жиналмалы орындықтарын алып төменге ырғып-ырғып түсісті. Том Кинг пен Сэндл қол қысысып, ұрысқа ыңғайланып бетпе-бет тұра қалысқан. Сэндл бірден жақсы жасалған құрыш серіппе механизм секілді алға қарай жүлқынып, бір мезетте қайтадан кері серпілді, одан әлгі қимылын және қайталап Томды сол қолымен көзден ұрды да, сүңги беріп оң жақ қолын қабырға түбінен сілтеді. Сөйтіп қарсы соққыға ұрынып қалмау үшін бейне бір билеп жүргендей өте жеңіл қозғалып артқа қарай ыршып түсті де, қолма-қол қайта қатер төндіре ойқастап, тағы да ілгері ұмтылды. Өзі өте ұшқыр әр епті еді. Көрініс бірден еліктірген. Зал екілене дүрлікті. Алайда бұл көріністер Кингті аса таңдандыра қойған жоқ. Ол осындай жас боксшылардың талайын көріп, неше қилы шайқастарды бастан өткеріп үлгергендіктен мұншалықты шамадан тыс жылдам, шектен асқан епті соққылардың аса қауіп туғыза қоймайтынын жақсы білетін. Тәрізі, Сэндл ұрысты бірден бастырмалата дамытуға ұмтылатын сияқты. Бұл заңды да еді. Жан алып, жан берісердей қиян-кескі айқастарда өзінің теңдессіз артықшылығы мен ғажап көркін төгіп-шашқан Жастық қарсыласын асып-тасқан күш-қуат, жеңісқұмарлық арқылы жедел тұқыртып тастауға тырысады.

Аяқ-қолы жеңіл, қызу қанды, бұлшық еттері бұлтылдап, аппақ денесі жарқыл қаққан Сэндл сұрапыл толқын бетінде қақпақыл ойнаған қайықтай бірде мұннан, бірде аннан шығып, сынапша сырғып, өзінің даңққа баратын жолын кес-кестеген Том Кингті жоюға бағытталған жалғыз ғана мақсаты жолында мыңдаған қимылды бір арнаға тоғыстыруға тырмысып жүр. Том Кинг мұның бәрін зор төзіммен көтерді. Ол өз ісін білетін еді, және қазіргідей жасамыс тартқан шағында Жастық дегеннің не екенін терең түсіне түскен.

Енді тек қарсыласының енгігіп, арыны басылатын сәтін күту ғана қалды. Осындай ұйғарымға келді де, іштей масайрап төбесін қасақана ауыр соққының астына тоса қойды. Бұл бір опасыз әдіс болатын, әйткенмен, бокс ережесі бойынша қолдануға рұқсат етіледі. Әркім өз буындарының жайын өзі ойлауы керек, ал бәсекелесің сенің төбеңді оюға ұмтылса өз обалы өзіне. Кингтің төменірек бұғып қалып соққыдан тайқып кетуіне мүмкіндік бар-тын, бірақ оның есіне алғашқы ұрыстары мен бірінші рет саусағының буынын Валли Құбыжығының басына соғып мылжалап алғаны оралды. Қазір соның есесін қайтаратын сәт келгендей. Бұл айласы Сэндлдің қолын өзінің басынан ұрғызып жаралатуды дiттеген. Мейлі, қызынып алған Сэндл мұны аңдамай-ақ та қойсын, □ ол сайыстың соңына дейін ештеңеге қарайламастан осындай ауыр соққыларды үсті-үстіне жасай беретін болады. Сонда келе-келе, әйтеуір бір, ұзақ ұрыстардың салдары сезіле бастаған кезде Сэндл артына бұрылып қарайды да, осы бір буынын Том Кингтің басына соғып жаралап алғаны есіне түсіп бармақ шайнайтын болады.

Бірінші раунд бойы тек Сэндл шабуылдаумен жүрді, ал оның жасын отындай жарқылдаған соққыларына тәнті болған көрермендер залы гу-гу етеді. Ол Кингті жұдырықтың астына алды, ал Кинг жауап қатқан жоқ. Бір де бір соққы жасамаған бұл тек бұғып, тосқауыл қойып, еңкейе жалтарып, шабуылдан қорғанумен жүрді. Сөйте тұра баппен қозғалып, анда-санда жорта ұрыс салған түр көрсетіп, ауыр соққыға ұрынған сәтінде бас шайқап қояды, алайда не алдыға, не артқа қарай секірмегендіктен, бір мысқал да артық күш шығындаған жоқ. Сақ Қарттың есесін қайтарғанша Сэндлдің Жастық желігі әбден басылсын. Кингтің барлық қимылы өте сылбыр, баяу еді, ал қалың қабақтың астындағы суық жанары мен тұнжыраған көзқарасынан оны есінен танған немесе ұйқылы-ояу жүрген адам деп қалар едіңіз. Әйткенмен, оның назары ештеңені қалт жібермеген □ бұл шаршы алаңдағы жиырма жылдан аса уақыт ішінде селт еткен қимылдың бәрін қадағалауға дағдыланған. Көздері соққы тиген кездің өзінде қысылған жоқ, үрейлену дегенді де білмей, ара-қашықтықты өлшеп, алға қарай сыздана қадалумен болған.

Раунд аяқталған соң бір минуттік үзіліс кезінде Том Кинг өз бұрышында дамылдап отырды. Аяқтарын созып, қос қолын керілген арқанға жая тастап, көмекшілері өзін орамалмен желпіп жатқан сәтте барлық кеудесімен, бүкіл өкпе-қолқасымен терең тыныстайды. Көзін жұмған күйде жұртшылықтың үніне құлақ түреді.

□ Неге шайқаспайсың, Том? □ деп айқайлады көрермендердің қайсыбірі. □ Қорқасың ба, немене? □ Бұлшық еттері тығыз! □ деп мәлімдеді алдыңғы қатардан әлдекім. □ Бұл жылдам қозғала алмайды. Мұның салмағы Сэндлдікіндей екеу шығады!

Гонг қағылды да қарсыластар бұрыштарынан шықты. Сэндл екеуінің ортасын бөліп тұрған ара-қашықтықтың үштен екісін өтті □ ол айқасты тез бастауға асығады, ал Кинг өз үлесінің аздығына қуанды. Бұл оның күш үнемдеу аяласына сай келетін еді. Тыңғылықты даярлана алмаған, аш құрсақ, сол себептен әр қадамды санап басу қажет болатын. Оған қоса бұл рингке дейін екі миль жаяу келді ғой! Кезекті раунд та алдыңғыны қайталаған: Сэндл бәсекелесіне тағы да құйындай жүйткіп соқтықты, ал жұртшылық Кингтің болбырлығына наразылық танытып шулай жөнелді. Кинг бірнеше пайдасыз, сылбыр соққы мен көзбояу үшін жасалған жасанды шабуыл сиқынан өзге қимылға баспады, □ тағы да бұғып, жалтарып, немесе қайта-қайта құшақ айқастыра кетеді. Сэндл ұрысты құтырынған жылдамдықпен жүргізуге жан салады, ал тісқаққан Кинг бұған бармайды, қуат-қайратын тек Кәрілік қана қызғана сақтайтындай әл үнемдеуді тоқтатпаған оның талай қақтығыстар таңбасы қалған жүзінде әлдебір мысқыл ойнайды. Ал Жастықтың нағыз өз бейнесіндей Сэндл күш-жігерін Балғындықтың қамсыз аңғырттығына салып ысырап етіп жүр. Ринг перісі Кингке шаршы алаңның небір шайқастары даналық дарытқан. Қимылының сылбыр болатыны да содан. Бір мезет те ақылдан алжаспаған ол Сэндлдің жауынгерлік арынының босаңситын сәтін аңдумен болған. Көпшілік көрермендер Кинг тым әлсіз, баяғы шеберліктен айрылған деп есептеп те қойғандықтан бәстің көп бөлігін Сэндл үшін тігіп, өз

пікірлерін даурыға айта бастаған. Десе де, бұрынғы Кингті білетін тәжірибелілірек кейбіреулер (мұндайлар көп те емес-ті) бәсті соның жеңетініне деген бекем сеніммен қабылдаған.

Үшінші раунд та дәл алдыңғыдағыша басталды, □ белсенділік тізгінінен айрылмаған Сэндрл өне бойы шабуылдауды тоқтап ады. Бірақ раундтың басталғанына жарты минуттей өткенде Сэндрл өз-өзіне деген шектен тыс сенімділікпен бір сәт сақтықты жоғалтып, ашылып қалды. Кингтің жанары жарқ етті де, әлгі мезетте оның оң қолы жоғары қарай сермелді. Бұл оның қолға серпін бере түсу үшін шынтағын жартылай бүгіп бар салмағымен шыр айналдыра жұмсаған ең алғашқы соққысы □ хук болатын. Жорта ұйқылы-ояу жүрген арыстан осылайша қатерлі шеңгелін іске қосты. Сэндрлдің шықшытына бүйірлей тиген соққы оны еденге қасапқанадағы өгізше шоңқайта құлатқан. Жұртшылық гу ете түсті де, залда мұның қимылына ризалық білдірген күбір толқыны тербеліп өтті. Сөйтсе, мына шалдың бұлшық еттерін икемсіз деу бекер екен, мұның оң қолы ұстаның шоң балғасындай тиетін көрінеді.

Сэндрл абдырап қалды. Ол орнынан көтерілмекке ниеттеніп бұрыла түскенде, оны есептің соңын күт деп шу ете түскен көмекшілері тоқтатты. Сөйтіп төреші тұрып алып дәл құлағының түбінен секундтарды санап біткенше бір тізерлей отырып тұруға дайын отырды. Том Кинг тоғызыншы секунда ұрыс қайтадан сақадай-сай тұрған бұған қарап соққысының бір дюйм төмендеу □ тура иектің астынан тимегеніне опынды. Онда анау нокатутқа түсіп, бұл отыз фунтты қалтасына салып алып, үйіне, әйел, бала-шағасына таяр еді.

Раунд тиісті үш минут өткенше тағы жалғасты. Сэндрл, тәрізді, өз қарсыласына алғаш рет құрметпен қарай бастаған секілді, ал Кинг сылбыр қимылына қайта көшкен, көздері де баяғы тұнжыраңқы қалпына түсіпті. Көмекшілерінің арқан арасынан кіре салуға әзірленіп ринг шетінде жүрелеп отырғанын көрген Кинг сайыс кезеңінің аяқталуға таяғанын аңдап, ұрысты өз бұрышына қарай ауыстырды. Гонг соғылған бойда орындығына тіз бүкті, ал Сэндрлге өз бұрышына жету үшін

бүкіл алаңды шарлап өтуіне тура келеді. Бұл, әрине, ұсақ-түйек жәйттер-тін, әйткенмен, майда-шүйденің бәрі жинала келе зор мәнге ие болмақшы. Сэндрл сөйтіп бірнеше артық қадам жасап, сол үшін белгілі деңейде күш-қуат жұмсап, қымбат демалыс уақытының едәуір бөлшегінен айрылады. Кинг әрбір раундтың басында баяу қимылдап, өз бұрышынан көп ұзамайды. Сол арқылы қарсыласына біршама жерді артық жүргізеді. Ал ұрыстың соңына таман бірден орындығына жайғаса кету үшін сайыс орнын мүмкіндігінше өз бұрышына қарай жылжытады.

Келесі екі раундта да Кинг әл-қуатын үнемдеуге тырысса, Сэндрл бұрынғыша ұрысты жан сала жалғастырған. Сэндрлдің шайқасты тездетуге тырысуы Кингке оңай тимеді, себебі жаңбырша жауған соққының көпшілігі нысанаға дәл тиді. Жастар жағы шулап, тіпті, кейбір қызуқандылары жекпе-жекті жедел жандандыруды талап етсе де Кинг баяғы жайбасарлықтан жазбады. Алтыншы раундта Сэндрл жаңылыс басты да, Кингтің қатерлі оң қолы ауада және бір мәрте селтең ете түсіп, шықшытынан тиген кезекті соққыдан кейін Сэндрлдің ту төбесінен тағы да тоғыз секунд санап тұруға тура келді.

Жетінші раундта Сэндрл өзін онша мықты сезіне алған жоқ; бұрын-соңды кездесіп көрмеген ауыр сайысқа түскенін түсінді. Том Кинг жасамыс тартқан адам, бірақ мұндай шалмен бір де бір рет күш сынасудың ыңғайы келмепті; ол сәл босаңсыған сәтінді құр жібермейді, ғажап қорғана біледі, ал соққыларының сойылмен ұрғандай ауыр тиетіні сонша, әр жұдырығында бір-бір нокаут-жасырынып жатқаны аңғарылады. Әйткенмен, Кинг қолды жиі жұмсауға ұмтыла қоймады. Өзінің мылжаланған буындарын бір сәт те естен шығарған жоқ, саусақ сүйектері ұрыс соңына дейін шыдауы үшін әр соққының есепте болуы қажеттігін білді. Бұрышында отырып қарсыласына алаң түбінен көз тіккен ол кенет Сэндрлдің жастығы мен өзінің тәжірибесін ұштастырса ауыр салмақтағы әлем чемпионының шығатыны туралы ойлады. Бірақ мәселе де сонда: Сэндрл ешқашан да әлем чемпионы бола алмайды. Қазір оған тәжірибе жетіспейді, оны тек жастығын тәрк

ету арқылы ғана иемдене алады, ал оған қолы жеткен мезгілде жастық шақ артта қалмақшы.

Кинг машығындағы барлық артықшылығын сарқа пайдаланды. Ол құшақ айқастыра кетуге болатын бір де бір мүмкіндікті қалт жібермеген және әрдайым иығымен қарсыласының қабырғасына соқтыға кетуге ұмтылады. Ринг философиясы иық пен жұдырықтың екеуі де зақым келтіруге қолайлы құралдар деп үйретеді, ал күш үнемдеуде алғашқысының артықшылығы басым. Оның үстіне Кинг құшақ айқасып қалған шақтарда барлық салмағымен бәсекелесіне артыла дамылдап алады, сол себептен мұндай оңтайлы мүмкіндіктен айрылғысы келмейді. Әрбір жолы төрешілер әлі дем алып дағдыланбаған Сэндлдің өзінің көмегі арқылы зорға ажырадты. Сэндл зыр қаққан қолдары мен бұлт-бұлт ойнаған бұлшық еттерін іске қосуға асығады. Кинг иығымен Сэндлдің қабырғасына қарай күшпен ене түсіп, басын соның сол жақ қолының астына тығып алған сәтте анау оң қолымен өзінің қолтығының астынан шығып тұрған мұның басын аямай соққылайды. Бұл жұртшылықты дүрліктіретін епті әдіс еді, бірақ қауіпті емес, тек күшінді бос сарыққаннан өзге пайдасы шамалы. Сондықтан соққыларды қабылдаған Кинг іштей мырс-мырс күліп тұрады.

Сэндл оң қолымен Кингті кеудеден аямай соқты. Сырттан қарағанда, бұл жолы Кинг оңбай таяқ жеген сияқтанған. Алайда сайыстарды құр жібермейтін жанкүйерлердің бірі Кингтің сол жақ қолғабының соққы алдында қарсыласының шынтағының ішкі жағын аса ептілікпен жанап өткенін аңдады. Рас, Сэндлдің әрбір соққысы нысанасына дарып жатты, алайда әр жолы Кингтің шынтақ бұлшық етіне қол тіреп үлгеруі соққы күшін әлсіреткен. Тоғызыншы раундта Кингтің шынтақтан бүгілген оң қолы бір минут ішінде Сэндлдің шықшытынан үш мәрте тиді, Сэндл үшеуінде де барлық салмағымен еденге гүрс-гүрс құлады. Бірақ ол тиісті тоғыз секундты қайта-қайта пайдаланып орнынан есеңгірей көтерілген. Әйтеуір әзірше әлсірей де қоймаған-ды. Дегенмен, бұрынғы беттілігі саябырсып, сақ қимылдауға көшті. Бет-жүзі тұнжыраңқы тартқан, алайда ол басты байлығы □ жастығына

сүйенген болатын. Ал Кингтің негізгі капиталы □ тәжірибе еді. Күші қайтып, жауынгерлік рухы әлсіреген тұстан бастап Кинг оны көп жылдарғы шайқастар арқылы келген даналықпен, айлакерлікпен алмастырып, күш-жігерді үнемдеп пайдалануға көшкен. Басы артық қимыл жасамауымен қатар қарсыласын діңкелетуге де дағдыланған. Аяғының, қолының, бүкіл тұлғасының алдау қозғалысы арқылы Сэндлді қайта-қайта артқа қарай ыршып түсуге, жалтартуға, қарсы соққы жасауына мәжбүр еткен. Кинг өзі дамылдады, бірақ Сэндлге бір сәт те тыным берген жоқ. Қарттықтың стратегиясы осындай еді.

Кинг оныншы раундтың басында Сэндлдің шабуылдарын сол жақ қолымен бетке ұрған тіке соққылары арқылы тойтаруға кірісті, ал сақтыққа ауысқан Сэндл де сол қолымен қорғанып, одан оң жақ қолымен бастан бүйірлете берген ұзын соққыларымен жауап қайтарған. Мұндай соққы биіктен жасалғандықтан бәлендей үрей тудыра қойған жоқ, бірақ нысанасына алғаш дарыған мезетте Кинг баяғыдан таныс бір сезімді бастан кешкен, □ миын әлдебір қара перде бүркеп қалғандай күйге түсті. Бір сәтке, анығында, қас-қағым мезетке Кинг жоқ болып кеткендей хал кешті. Қарсыласы көз алдынан ғайып болды, оның сыртында аңтарылып отырған жұртшылық та көрінбей қалған; дегенмен, сол бойда бәсекелесі мен жанкүйерлер залын қайта көрді. Бейне сәл ғана қалғып кетіп қайта оянғандай. Осы мезеттің қысқалығынан ғана Кинг құлаудан аман қалды. Көрермендер оның теңселіп кеткенін көрді, тізесі де бүгіліп кеткен, бірақ есін тез жиып, сол жақ қолымен қорғана түсіп, иегін ішке қарай тұқырата түсті.

Сэндл Кингті жартылай есеңгіреген қалыпта ұстап, бұл соққысын қатарынен бірнеше рет қайталады, бірақ анау бір мезгілде қарсы шабуыл міндетін атқаратын ерекше қорғаныс тәсілін жасап алды. Бәсекелесінің назарын өзінің сол жақ жұдырығына аударып, жарты қадам артқа шегінді де, сол бетте барлық күшімен оң қолымен апперкот берді. Соққысының дәл есептелгені сонша, жұдырық Сэндл еңкейген мезгілде жағынан тиді де, ол көтеріліп барып еденге басы мен иығымен бірдей соғылып гүрс етіп құлады. Кинг бұл әдісті екі мәрте қайталады, одан соң

күшін үнемдеуді доғарып, қарсыласын жұдырық астына алып, оны қарсы бетке тықсырып тастады. Сөйтіп Сэндлге дамыл тапқызбай оны дүр сілкіне көтеріліп, екілене дуылдаған жұртшылықтың көз алдында ес жиғызбастан сабады. Алайда Сэндлдің күші де, төзімі де ғажап екен, бәріне шыдап бақты. Бәрібір нокаут жақындай түскендей көрінген соң жағдай қиындап кетер деп ойлаған полиция қызметкері ұрысты дереу тоқтатуға ниеттеніп, алаңның шетіне жақындап келіп тұрды. Осы кезде раундтың аяқталғанын жариялап гонг та соғылды. Сэндл полисменге өз жағдайының бірқалыпты екенін байқатып, шатқаяқтап өз бұрышына барып жетті. Халінің ойдағыдай екенін көрсету үшін екі мәрте секіріп, ойқастап та қойған соң анау да тыншыды.

Кинг қатты шалқайып, ауыр тыныстаған күйі өз бұрышында отырған. Ол қабыржыңқы болатын. Егер ұрысты тоқтатқанда төреші шешімді осының пайдасына шығарар еді де, жүлдені өзі алар еді. Бұл шайқасқа Сэндл секілді даңқ пен мансап үшін емес, отыз фунтқа бола түсті ғой. Ал енді Сэндл осынау бір минуттік демалыс сәтінде тынығып қалады.

Кингтің басында “Жастық дегенін істейді!” деген ой қылаң берді де, осынау сөзді алғаш рет өзінің Стоушер Биллді жеңген түні естігенін есіне түсірді. Мұны ұрыстан кейін өзін вискимен сыйлаған әлдебір кербез кісі арқасынан қағып тұрып айтып еді: “Жастық дегенін істейді!” деп. Сол керім дұрыс айтқан екен. Алыста қалған әлгі кеште Кинг қандай жас еді! Ал бүгін сол Жастық қарсы алдындағы сонау бұрышта отыр. Онымен жарты сағат бойы арпалысты, өйткені шал ғой. Егер Сэндл секілді айқасса он бес минут те шыдатпас еді. Мәселенің бәрі сонда, бұл жедел оңала алмайды. Мынау адырайған қан тамырлары мен әлсіреген жүрегі раундтар арасындағы үзілістерде күш жинай қоюға мүмкіндік бермейді. Иә, расын айтқанда, тартыс алдындағы күш-қуаты да шамалы-тын. Ол аяқтарының зілдей ауырлай бастағанын, сіңірінің жұлқи тартқанын аңдады. Иә, ұрыстың дәл алдында табанданған екі миль жолды жаяу өтпеу керек еді! Және таң азаннан бір кесек етке зар болмады ма! Етті қарызға бермей қойған ләпкешілерге деген сұмдық

өшпенділігі оянды. Шау тартқан адамға тойынып алмай рингке шығу қиын. Әрі бір кесек сиыр еті деген немене? Бірнеше пенниге бағаланатын майда-шүйде. Ал сол жалғыз тілім ет отыз фунт стерлингке айнала алар еді.

Он бірінші раундтың басталғанын әйгілеп дабыл қағылған бетте Сэндел бойында мүлде қалмаған тыңдығын көрсеткісі келіп шабуылға құтырына ұмтылды. Кинг мұның бокстағы ежелден белгілі қоқан-лоққы екенін түсінді. Бастапқыда қарсыласынан қорғану үшін құрсауға кірді, одан соң босап, Сэнделге шабуылға қайтадан ыңғайланып алуға мүмкіндік берді. Одан сол қолымен алдарқата жасқап, бәсекелесін бүгежектетіп сүңги қорғануға мәжбүр етті де, өзіне төменнен жоғары қарай сілтенген жанама соққыны қабылдады. Сөйтіп жарты қадам артқа шегініп, алапат апперкотпен Сэнделді еденге тоңқалаң асырды. Сол сәттен бастап Кинг Сэнделге дамыл таптырмаған. Өзі де таяқ жеді, бірақ Сэнделді тіке де, жанама, қысқа да, ұзын қисапсыз соққыдан көз аштырмай еңсеріп, оның шеңгелінен жұлқына қашып немесе құрсауға алмақ әрекетін дер кезінде тойтарып, қарсыласы құлап бара жатса әрбір жолы бір қолымен қапсыра сүйемелдеп, екінші қолымен оны жығылудан сақтаған керме арқанға тықсыра тірей түскен.

Көрермендерден ес кетті, енді олардың бәрі Том жаққа ауысып, түгелге жуық:

□ Кәне, Том! Шырқырат! Беріңкіре, Том! Тартқыз сазайын! Күш сен жақта, Том! □ деп ышқынды.

Сайыстың соңы қызу бітетіні байқалған және көпшілік сол үшін де ақша төледі ғой.

Сөйтіп жарты сағат бойы күшін үнемдеген Том Кинг енді өзіне белгілі мөлшердегі барлық қуатты мықты бір бағытқа жұмылдырып аямай жұмсауға кірісті. Бұл оның жалғыз ғана мүмкіндігі болатын □ қазір немесе ешқашан да.

Күші тез сарқыла бастаған, ал бұл қарсыласын әл-дәрмені түгесіліп бітпей сұлатудан дәмелі еді. Алайда соққы салмағы мен түсетін жарақат деңгейін сарабдал саралап, шабуыл қарқынын үдетіп жұдырық жұмсауды жиілеткен үстіне жиілеткен бұл Сэндел секілді періні құлатудың қаншалықты қиынға соғатынын түсіне

бастаған. Оның өмірлік қуат қоры мен төзімділігі □ әлі шығындалмаған ғұмырлық пәрмені мен жастық қажыры шексіз еді. Иә, Сэндрл, сөз жоқ, алысқа барады. Бұл □ туабітті боксшы. Чемпиондар тек осындай мықты материалдан қалыптасады.

Сэндрл шыр айнала теңселіп жүр, Том Кингтің де аяқтарының сіңірі тартыла берді, ал саусақтарының буындары икемнен әбден қалды. Ол бәрібір әр ұрған сайын істен шыққан қолдары сырқырай ауырып, жаны көзіне көрінсе де өз-өзін аяусыз соққылар жасауға мәжбүр етуден танған жоқ. Бірақ енді қазір өзіне соққының сирек дарығанына қарамастан бұл да бәсекелесі секілді тез әлсірей бастады. Мұның соққылары нысанаға дөп тиіп жатты, бірақ олары өте әлсіз еді және әрқайсысын жұмсау зор күшке түсті. Қорғасын байлап қойғандай зіл тартқан аяқтарын әрең қозғап жүр. Осыны аңдаған Сэндрлдің жақтастары дүрлігіп өз сүйіктілерін көтермелеуге кірісті.

Бұл Кингті қамшылай түсіп, жинақталуға итермелеген. Ол Сэндрлге бірінінен кейін бірін: сол қолмен өкпе тұстан сәл жоғарырақ, оң қолымен шықшыттан екі соққы жұмсады. Соққылар ауыр емес-тін, бірақ әлсіреп, діңкелеген Сэндрлді мұрттай түсірді. Ол тұла бойы діріл қағып жерде жатты. Төреші төбеде төне қатты дауыстап тағдырды шешетін секундтарды санап тұр. Сэндрл онға дейін тұра алмаса жеңіледі.

Жұртшылық демін ішке тартты. Кинг теңселіп зорға жүр; әбден титықтаған оның басы айналды: карауытқан көз алдында қалың көпшілік нөпірі шайқалып бара жатқандай сезілген, ал секундтарды санаған төрешінің даусы алыстан талып естілгендей болады. Бірақ бұл жеңіске жеткеніне сенімді еді. Осыншалықты таяққа жығылған адамның орнынан көтерілуі мүмкін емес.

Мұндайда тек Жастық қана тұра алар еді □ Сэндрл көтерілді. Төртінші секунтта екпеттей аунап түскен ол соқыр адамша сипаланып керме арқанға жармасты. Жетіншіде бір тізесіне тұрып тыныстап отырды; басы мас адамдардікінше екі жағына қалтақ-қалтақ етеді. Төреші: “Тоғыз!” деп айқайлаған сәтте Сэндрл сол қолымен бетін, оң қолымен кеуде жағын қалқалап, қорғанған кейіппен түрегеліп

тұрды. Осылайша ол неғұрлым осал тұстарын қорғаштап, уақыт ұту үшін құшақ айқастыра кету үмітімен алға, Кингке қарай шайқалақтай жылжыды.

Сэндрл орнынан көтерілген бойда Кинг де бұған тұра ұмтылған, бірақ алғашқы екі соққысы да Сэндрлдің қолдарының тосқауылына ұрынды. Келесі мезетте Сэндрл қарсыласына қапсыра жармасып алып, төрешілердің ажыратқанына жанталаса қарсыласқан. Кинг құрсаудан босауға тырмысады. Ол Жастықтың қалайша тез тынығатынын, сондықтан Сэндрлді күш алдырмау арқылы ғана күйрететінін білетін-ді. Жақсы бір соққы істі тындырды. Сэндрл жеңілді, күмән жоқ, ұтылды. Бұл жеңді оны, әбжілдігінің арқасында асып түсті, ұпайды көбірек жинады.

Құрсаудан шыққан Сэндрл шайқалақтап кетті, □ тағдыры қыл үстінде тұр еді. Жақсылап бір ұрып тоңқалаң асырса □ саудасы бітеді! Том Кинг іші удай ашып тағы да бір кесек ет туралы ойлап, мынау соңғы, шешуші шайқас алдында өзек жалғап алудың сәті түспегеніне өкінді. Бойын жинақтап, әлгі ойлаған соққысын да жасады, бірақ онысы аса мықты да, сонша шалт та шыға қоймады. Сэндрл теңселіп кеткенімен құламады, керме арқанға тіреліп, содан ұстап қалды. Қалтақтаған Кинг бәсекелесіне бас салып қолының жанына бата қатты ауырғанына қарамастан тағы бір соққы жасады. Алайда күші жетпеген еді. Бойында титықтағаннан мұнартып, өшіп бара жатқандықтан атой салғысы келген дәрменсіз санадан өзге ештеңе қалмаған-тын. Шықшытқа бағыттаған соққысы иыққа тиді. Кинг жоғарырақ сілтеген болатын, бірақ шалдыққан бұлшық еті ырқына көнбей, тіпті, өзі құлап кетуге шақ қалды. Кинг соққыны және қайталаған. Әйткенмен, бұл жолы мүлде мүлт кетіп, әбден әлсіреп, жер қаппау үшін Сэндрлді құшақтай құлаған.

Кинг енді ажыратуға тырысқан жоқ. Бұған дейін қолынан келгеннің бәрін істеді, енді бәрі біткен болатын. Жастық дегенін істеді. Сэндрлмен құшақ айқастырып тұрып оның күш жинай бастағанын аңдаған. Төреші бұларды ажыратқан мезгілде Кинг Жастықтың өзінің көз алдында құр аттай сілкініп, қуат ала бастағанын көрді. Сэндрл сәт сайын күшейе түскен; оның бастапқыдағы нысанаға дарымаған босаң соққылары біртіндеп қатайып, дәл тие бастады. Том Кинг тұман ішінде жүргендей

өзінің шықшытына бағытталған қолғапты жұдырықты байқады да, қорғанып, қолын тоса қойғысы келді. Төнген қауіпті аңдады да, әрекет қылуға қамданды, бірақ қолы зілдей ауыр тартты. Бір тонна қорғасын құйып қойғандай қозғалмады, Кинг қолын көтеру үшін барын салды. Алайда осы мезетте қолғапты жұдырық нысанасына тиген. Тоқпен ұрғандай соққы Кингтің тұла бойын солқ еткізді де, бұл қараңғылық құшағына құлап бара жатты.

Көзін ашқанда өз бұрышындағы орындықта отырғанын көрді, құлағына көпшілік қауымның бейне бір Бонди-Бичтің теңіз толқындарының шуындай лықси жеткен үні естілді. Біреу желкесіне ылғал сулық төсеп жатыр, ал Сид Сэлливен сергіту үшін беті мен кеудесіне суық су құйып тұр. Қолғаптары шешіліп те үлгерілді, ал Сэндрл еңкейіп келіп мұның қолын қысты. Кинг өзін жолдан ысырып тастаған бұл адамға деген өшпенділігінің жоқ екенін аңдап, өзі де оның қолын мылжаланған буындары дірілдеп дәл соншалықты риясыздықпен қысқан. Одан соң Сэндрл ортаға шықты да, ол жас Пронтоның шақыруын қабылдайтынын және бәсті жүз футқа дейін көтеруді ұсынатынын айтқанда алапат шу бір сәт сілтідей тына қалды. Кинг оның көмекшілерінің су-су денесін сүртіп, бетіне орамал тосып, рингтен кетуге дайындап жүргенін селқос қарап отырды. Кинг аштығын түйсінген. Әлгі ылғи сезінетін әдеттегі өзекті жалаған аштықты емес, әлдебір сұмдық әлсіздікті, таңдайының астынан тұла бойын сыздата жайылған майда дірілді сезінді. Ойы қайтадан Сэндрлдің қалтақтап жеңілудің аз-ақ алдында тұрған ұрыс сәтіне оралды. Иә, бір кесек ет іске нүкте қояр еді! Міне, бұл шешуші соққысын берген кезде жетіспеген нәрсе! Сайыста жеңілуге себеп болған да сол! Бәрі де осы бір кесек еттің әлегінен!

Жәрдемшілері арқан арасынан шығып кетуіне көмектесіп сүйемелдей берді. Бірақ бұл оларды серпіп тастап, еңкейіп, керме арасынан ешкімнің көмегінсіз-ақ өте шықты да, төменге гүрс етіп секіріп түсті. Ол иін тірескен жұртшылық нөпірі арасын қақ жарып өзіне жол ашқан көмекшілеріне ілесіп келе жатты. Шешіну

бөлмесінен шығып, вестюбильмен өтіп, сыртқы есікті ашқанында әлдебір жас жігіт тоқтатқан.

□ Сэндліді қолында тұрған сәтте неге ұрып жықпадың? □ деп сұрады жігіт.

Том Кинг:

□ Ой, баршы, ей, сайтан алғыр! □ деді де, баспалдақпен түсіп, тротуарға шықты.

Бұрыштағы сырахананың есігі айқара ашылды да, бұл оттар мен күлімдеген даяшы қыздарды көрді, манағы сайысты талқылаған дауыстар мен үлдірікке соғылған тиынның сыңғырын естіді. Әлдекім дауыстап ішуге шақырды. Бұл біраз абдырап тұрда да, ұсыныстан бас тартып өз жөніне тартты.

Қалтасында бақыр тиын да жоқ-тын, бұған үйге дейінгі екі мильдік жол соншама ұзақ көрінген. Иә, қартайып келеді екен! Домен бағын қиып өте беріп кенеттен ұрыс нәтижесін білу үшін ұйықтамай күтіп отырған әйелі есіне түскенде еңсесі езіліп, кездескен орындыққа отыра кетті. Бұл кез келген нокауттан да ауыр еді және онымен жүзбе-жүз ұшырасуға беті шыдамайтындай көрінді.

Керемет қалжырағанын сезді, ал тамтығы қалмай ауырған буындары әлдебір жұмыс кезіксе кемінде бір аптадай күрек-қайла ұстай алмайтынын еске түсірді. Таңдайының астындағы діріл құсқысын келтірген. Дәрменсіздік еңсесін езіп жіберген еді, көзіне әдетінде жоқ жас үйірілді. Қолдарымен бетін басқан бұл жылап келе жатып Стоушер Биллді ойлады, көз алдына оны баяғы сонау бір кеште оңдырмай жеңген сәті оралды. Байғұс, кәрі Стоушер Билл! Кинг шешінетін орында Биллдің неліктен жылағанын енді ғана жақсы түсінді.

ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Сылти басқан олар жыраға қарай құлдап түсе бастады да, алда келе жатқаны бейберекет шашылған тастар арасында сүрініп, теңселіп кетсін. Қос жүргінші де әбден қалжырап, әл-дәрмені қалмапты, жүздерінен ұзақ мұқтаждық ізі мен күйзелісті көнбістік қана аңғарылады. Иықтарындағы қайыс таспалармен шандылған зілдей теңдер еңселерін одан әрмен езе түскен. Әрқайсысы бір-бір

мылтықтан асынып алыпты. Екеуі де бастарын төмен салбыратып, көздерін жерден алмастан бүкжеңдей түседі.

□ Күпия орындағы оқтардың, тым құрығанда, екеуі өзімізде болғанда ғой, □ деді бірі үнсіздікті бұзып.

Оның даусы еш сезімсіз, салғырт естілген. Жүдә енжар айтқаны соншалық, тастарға соғыла ақшулан түспен көбіктеніп аққан суды енді кеше бастаған серігі жақ жарған жоқ. Әлгінің соңынан жолдасы да суға аяқ басты. Ағын су сүйектен өткен мұздай болғанмен □ суықтығы соншалық, балтырлары мен башпайлары мүлдем жансызданып сала берсін, □ олар аяқ киімдерін шешкен де жоқ. Кей тұста су тізелерінен асып, тірегін жоғалтқан әлгілер теңселіп-теңселіп кетеді.

Жүгіншінің бірі жылтыр қойтаста тайғанақтап, құлап түсе жаздады да, жан даусы шыға шыңғырып жіберіп, сөйтсе де аяғында тік тұрып қалған. Сірә, басы айналып кеткен болуы да керек, теңселген күйі қолдарын ербеңдете түсіп, ауаны құр қармағандай болды. Бойын әрең билеп, алға қадам басқаны сол-ақ ізінше қатты теңселіп кетіп, тағы да омақаса құлай жаздасын. Сол сәтте кілт тоқтап, серігіне көз тастады: анау болса жүрісін кідіртпестен алға озып барады, ол ол ма, бұрылып қараған да жоқ.

Бір шама ойланғандай болып, қимылсыз тұрып қалған ол іле-шала:

□ Тыңдашы, Билл, мен тобығымды тайдырып алдым! □ деп айқай салды.

Билл ақшулан суды кеше одан әрі ілбіп бара жатыр. Бір рет те бұрылып, соңына көз тастар емес. Екіншісі оның соңынан көз алмай қарап тұр, жүзіндегі енжарлық сейілмесе де жанарынан жаралы бұғыдай ауыр күйзеліс жылтырап аңғарылды.

Билл болса ендігі қарсы жағалауға өтіп, одан әрі сүйретілеп ұзап бара жатқан. Жылғаның ортасында тізеден су кешіп тұрған байғұс оның ізінен көз тайдырар емес. Еріндерінің қатты селкілдегені сонша, жез сымдай тікірейген жирен мұрты да қайшыласып кетті.

□ Билл! □ деп дауыстады тағы да.

Бұл □ пәлеге ұрынған адамның жанұшырған айқайы болатын, амал қанша, Билл мойнын бұрған да жоқ. Жолдасы әлгінің ақсаңдаған күйі сүріншектей басып, жатаған төбенің ұшпасы толқынды көкжиек болып керілген жайуат беткеймен ебедейсіз қалыпта сүйретіле өрмелеп бара жатқанына көз алмай ұзақ қараумен болды. Билл жарқабақтан әрі асып, мүлдем көрінбей кеткенше бақылауын қойған жоқ. Содан кейін ғана теріс айналып, Билл өзін жапа-жалғыз қалдырып кеткен маңайдағы өлі кеңістікке асықпай әрі енжар көз жүгірткен.

Күн көкжиектен сәл биігірек, қою тұман мен көлкілдеген мұнар арасынан өлмеусірей сығыраяды; көз шалынар шекара мен бұдыр жоқ, қалың мұнар болып сырғыған тұман ғана. Бар салмағын бір аяғына ауыстырған жүргінші қалтасынан сағатын суырды. Сағат төрт болып қалыпты. Соңғы екі аптада уақыттан да жаңылды: тек шілде айының аяғы мен тамыздың басы болғандықтан күн солтүстік-батыстан көрінуге тиіс екенін жақсы біледі. Түстікке көз жүгіртті; мынау тұнжыраған төбелердің ар жағында Үлкен Аюлы көлі жатқанын және түп-тура сол

бағытта Канаданың шалқар жазықтары бойымен Поляр шеңберінің үрейлі ендіктері өтетінін де пайымдаған. Бұл ортасында тұрған жылға Коппермайн де терістікке қарай толқындарын қуалап, Тәж кию шығанағына, Солтүстік Мұзды Мұхитқа құяды. Өз басы ешқашан ол жақта болып көрген емес, тек бірде Гудзон шығанағы Компаниясының картасынан осы өңірді байқап қап, үнсіз шолғаны бар.

Қарақан басы ғана қалған кеңістікті тағы да көзімен шолып шықты. Айнала ұнжырға езген сүреңсіз, жадау өлке. Жатаған төбелер бір-бірінен аумайтын толқынды белдеу болып көкжиекпен астасып жатыр. Ағаш немесе тырбық бұталар, шөп екеш шөп көзге ілінбейтін ұшы-қиырсыз әрі сондай қорқынышты өлі кеңістік қана керіліп жатыр □ жанарында үрей табы жалт етті.

□ Билл! □ деп ақырын күбірледі де, іле-шала:

□ Билл! □ деп тағы қайталады.

Лайланып аққан жылғаның ортасына жүрелей отыра кетсін: ұшы-қиырсыз кеңістік бой бермес күш-қуатымен еңсесін басқандай, қорқынышты тілсіздігімен зәре-құтын қашырған сияқты. Безгек тигендей дірілдеп-қалшылдап сала берді де, мылтығы шолп етіп суға түсіп кетті. Кілт бойын түзеп алды. Ерік-жігерімен үрейін жеңіп, ауру аяғына зілдей салмақ түспес үшін теңді сол иығына қарай сырғытып, ақырын әрі абайлап алға қарай жылжыған. Жаны ауыра қабағын тыржитады.

Тоқтаусыз сүйретіліп келе жатыр. Ауруын елең қылмай, қайтпас өлермендікпен ұшарлығының арғы жағынан Билл көрінбей кеткен төбеге өрмеледі, □ өзі үшін қимылдары ақсаңдай басып, әрең сүйретілген Биллден де әрмен күлкілі әрі ебедейсіз көрінген. Бірақ аласа төбенің ұшпасында тұрып, аяқ астындағы жазықта ешкім жоқ екенін байқады! Тағы да қорқыныш қаумалап алсын, тағы да бойын билеген үрейін жеңіп, арқасындағы теңді одан әрі сол иығына таман сырғытып, ақсаңдаған күйі бөктерге қарай жылжыды.

Жазық беті мибатпақ екен, су қалың мүкті жөкедей етіп сулап тастапты. Қадам басқан сайын табан астынан су бұрқақтай атылып, дымқыл мүктен ұлтаны суырылардай қорқылдайды. Биллдің ізімен жүруге ұмтылған ол титімдей көлшіктен көлшіктерге жету үшін ылғи мүк арасынан аралдай болып көрінген шошақ тастарды басуға күш салуда.

Жапа-жалғыз қалғанымен бағытынан жаңылар емес. Көп ұзамай-ақ тырбық әрі қурай бастаған құрғақ, кебу самырсындар мен шыршалар қоршаған кішкентай Титчинчили көліне - жергілікті тілде «Титімдей таяқшалар елің деп аталатын көлге жететінін жақсы біледі.

Ал сол көлге әлдеқандай жылға құйып жатыр және оның суы лай емес. Жылға жағалауларын қамыс жапқан, □ бұл есінде жақсы сақталыпты, □ әйткенмен ағаштар мүлдем өспейді. Сол жылғаны жоғары өрлей отырып, су айрыққа дейін жететінін де біледі. Су айрықтан күнбатысқа қарай ағатын тағы бір жылға басталады; бұл соны жағалай Диз өзеніне жетеді де, төңкеріліп, тастармен көміп тасталған қайық астынан құпия орындарын тауып алады. Құпия орында оқ-дәрілер, қармақтар мен қармақ тұзақтары, кішкене ау □ бір басына тамақ айыруға қажет

нәрсенің бәрі бар. Ол жерде ұн да бар, әрине там-тұм ғана, аздап сүбе еті мен бұршақ та табылады.

Билл мұны сол жерде күтге тиіс, сосын екеуі Диз өзенінің бойымен төмен құлдап отырып Үлкен Аюлы көліне тұмсық тіреді де, одан әрі көлді қайықпен жүзіп өтеді. Сосын оңтүстікке, Маккензи өзеніне жеткенше тек оңтүстікке қарай жүреді □ ал қаһарлы қыс бұлардың ізін қуалайды да отырады, буырқанған өзенді мұз шырмайды, күндер суық бола түседі, □ тек оңтүстікке қана жүреді бұлар, □ Гудзон шығанағындағы биік, діңі жуан ағаштар қоршай өскен, ішер тамақ аста-төк әлдебір факторияға жеткенше тоқтамайды.

Ілгері қарай қинала жылжыған жүргінші тек осылай ойлаумен келеді. Жүру қанша ауыр болғанмен, Билл мұны орта жолға тастап кеткен жоқ, әсіресе, Билл мұны құпия орында тосады деп өзін-өзі сендіру одан да қиын. Бірақ, бұл осылай ойлауға тиіс, әйтпесе бұдан арғы жанталастың еш мәні жоқ, □ одан да жерге сұлай кетіп, өлімге біржола мойынсұну ғана қажет. Ал әзірге күннің көмескі шар табағы солтүстік-батысқа ақырын еңкейген сайын ол ойша есептеп те үлгерді, □ сансыз рет ойша санамалады, □ иә, бастырмалатып келе жатқан қыстан қашып, Билл екеуі оңтүстікке қарай қанша жол жүретіндерін, әрбір қадамдарын саралады. Өздерінің құпия орындары мен Гудзон шығанағы Компаниясының қоймаларында қанша азық-түлік қоры қалғанын ойша тізбелейді. Екі тәуліктен бері нәр сызған жоқ, тойып тамақ жемегеніне одан да ұзақ болды □ ау. Ара-тұра ақырын еңкейіп, мибатпақтың бозғылт жидектерін жұлады да, ауызға салып шайнап, қинала әрең жұтады. Құр су татыған жидектер таңдайында тез еріп-ақ кетеді, □ ұртында тек тастай қатты сүйегі ғана қалады. Оған қарын тоймасын да әбден жақсы біледі-ау, бірақ ессіз үміт қатал тәжірибемен санасуды біржола қойған, сосын жалықпай шайнайды кеп.

Сағат тоғыздар шамасында башпайын тасқа оңдырмай соғып ап, қиналыстан әрі әл-дәрмені қалмағандықтан сұлап түсті. Бір қырынан қимылсыз ұзақ жатты: сосын тері таспалардан құтылып, ебедейсіз қалыпта еңсе түзеп отырған. Әлі түн қараңғысы түсе қоймаған кез, іле алакеугімнің сәулесімен тастар арасын сипаланып, құрғақ мүктерді жұлмалап жия бастасын. Құшақ толар болғанда ғана от жақты □ түтіндеген, әрең маздаған алауға бақыршақ толы су қойды.

Жүгінің бауын ағытып, әуелі қанша шиі қалғанын санамалады. Бар болғаны алпыс жеті ғана! Жаңылып қалмас үшін қайта-қайта, үш рет санап шықты. Үшке бөліп, әрбіреуін қайысқа мықтап орап тастады; бір бөлігін темекінің бос қалтасына салды, екіншісін жұлым-жұлымы шыққан малақайының астарына, ал үшіншісін қойнына тықты. Осының бәрін тап-тұйнақтай қылғаны сол-ақ, табан асты тұла бойын үрей билегені: жалма-жан бумаларын қайта ашып, шилерді тағы да біртіндеп санамалады. Бәз-баяғы алпыс жеті ши!

Шылқылдаған аяқ киімін алауға қақтап кептірді. Мокасиннің жұлма-жұлмасы шығыпты, жүн жамылғыдан ілдебайлап тіккен шұлығы шұрқ тесік, аяғы да қаны шыға ойылып кеткен. Тобығы жан шыдатпай сыздаған соң бажайлап қарап шықты: күмп болып іскені сонша, тізесімен бірдей боп көлкілдеп тұр.

Жамылғының шетінен ұзын таспа етіп жыртып, тобығын тастай қып байлады да, тағы да біраз жыртып, шұлығы мен мокасиннің орнына аяғын осымен орап тастаған. Содан кейін ғана қайнаған суды жұтып сап, сағатының тілін бұрады да, жүн жамылғыны тас бүркеніп бүк түсті.

Өлген адамдай беймарал ұйқтапты. Түн ортасына қарай ғана айналаны қараңғылық қымтасын, дегенмен, бұл онша ұзаққа созылған жоқ. Күн солтүстік-шығыстан шықты, - дұрысы сол тұстан таң сібірледі, өйткені, сұр бұлттардың тасасынан күн көрінбей тұрған-ды.

Таңғы алтыда шалқасынан жатып оялды. Сұрғылт аспанға шүкшия үңіліп жатып, қарны қатты ашқанын сезді. Аударылып, шынтақтай көтеріле беріп, қатты пысқырған дыбысты есті де, өзіне қауіптені әрі таңдана қарап тұрған дәу бұғыны көзі шалған. Өзінен бар болғаны елу қадамдай жер, одан түк қашық емес, сол сәт табада шыжылдай қуырылған бұғы етінің дәмі аузына келіп, иісі мұрнын жарғаны. Еркінен тыс оқтаусыз мылтығына жармасып, көздеп тұрып шүріппені басып қалды. Оскырынған бұғы тастарға тұяғы тарсылдап тиіп, зыта жөнелді.

Ызалана боқтап сап, мылтығын лақтырып жіберді де, ыңқылдаған күйде аяғынан тұруға ұмтылды. Бар күшін жұмсап, әлден уақтан соң ғана ойындағысы орындалған. Буындарына тас түскендей иіліп-бүгілуі мұң, әр қимылына еріксізден бар жігерін сарп етіп әуре. Адам сияқты аяғынан тік тұрып, еңсесін жазуға талай уақытын зая етті.

Жатаған төбенің басына шығып, айналаға көз салған. Ағаш та, бұта да көрінбейді □ тұтасып жатқан сұрғылт мүктен басқа дым жоқ, ара-тұра сұп-сұр қойтастар ғана дөңкиіп, сұр көлшіктер мен сұр бұлақтар бұлдырайды. Аспан да сұп-сұр. Күннің сәулесі де, жылтыраған жарығы да зым-зия! Солтүстіктің қайда екенін де, тіпті, кеше кешкілік қайдан келгенін де айыра алар түрі жоқ. Бірақ, жүрер бағыттан жаңылмағаны сөзсіз. Дәп осыны әбден жақсы біледі. Көп ұзамай-ақ Титімдей таяқшалар еліне келіп жетеді. Әйтеуір ол өлкенің сол қол жағында, тіпті жақын маңда □ бәлкім, анау бір келесі төбенің ар жағында жатқаны күмәнсіз.

Жүгін жолға алып жүруге ыңғайлы етіп бумақ болып, орнына қайтып келді де, шилері сақтаулы бумаларын тағы бір тексерді, әйткенмен қайта санаған жоқ. Сөйтсе де бұғы терісінен тігілген, аузы шымши буылған жалпақ қалтаға көзі түсіп, әудем уақыт ойланып қалды. Қалта онша үлкен де емес, қос алақанға сиярлықтай-ақ, бірақ, салмағы бақандай он бес фунт □ қалған бар жүктерінің салмағымен парпар, □ осы жайт қана алаңдатып тұр. Ақыры қалтаны бөлек қойды да, жүгін қайта жинастыра бастады. Осыдан кейін қалтаға жалт етіп қарап, жалма-жан қолына алып, меңіреу дала қымбат алтынын тартып алатындай айналаға шамдана көз тастасын. Орнынан көтеріліп, ілгері қарай сүйретіліп жүре бастағанда әлгі қалта арқасындағы жүктердің арасында болатын.

Солға қарай бұрылып жүрді, ауық-ауық кідіріп, батпақта өскен жидектерді үзеді. Аяқтары ағаштай болып сіресіп қалған-ақ, бұрынғыдан әрмен шойнаңдап келеді, бірақ мұның өзі асқазанның күйдіре шұрылдауының қасында дым емес. Аштықта жан шыдатпай қинап-ақ келеді. Ауру жанын жегені соншалық, Титімдей

таяқшалар еліне жету үшін қай бағытқа жүру керектігінен жаңылып, абдырап қалғаны. Сулы жидектер жан шыдатпас ауруды басатын түрі жоқ, бар болғаны тілі мен таңдайын тотияйындай күйдіре түседі.

Кішкене жылғаға жеткені сол-ақ, тастар мен томарлар арасынан сұр құрлар кыр, кыр, кыр... десіп қиқуласа, қанаттары сатырлай қарсы ұша бастады... Оларға қарай тас жаудырып-ақ бақты, бірақ біріне де дәл тигізе алған жоқ. Сосын жүгін жерге қойып, торғайға жер бауырлап жақындайтын мысық сияқты еңбектей бастады. Шалбары үшкір тастарға дал-дұлы шығып, тізесінен судай аққан қан ізімен шұбатылып жатыр, бірақ, денесінің ауырғанын да сезген жоқ, □ аштық ештеңе ойлатар емес. Дымқыл мүкпен жер бауырлап келеді, суықтан денесі дір-дір қағады, бірақ аштықтың жанға батқаны сонша, тоңғанын да түк сезер түрі жоқ. Ал аппақ құрлар жан-жағынан толассыз, парылдап ұшуда, ақыры «кыр, кыр» деген мазасыз дауыстары мазақ сияқты болып естіліп, құрларды сыбап салды да, өзі де бар даусымен құстарды мазақтай бастады.

Бір рет, сірә, ұйқтап қалған құрдың дәп үстінен түсті. Әуелі тастар арасындағы ұясынан тура мұның бетін жанай ұшып шыққанша оны байқамаған болатын. Құс қанша жылдам ұшқанмен, бұл да шапшаң қимылмен шап берсін □ уысында үш тал құйрық қауырсыны қалды. Ұзап ұшып бара жатқан құстың соңынан өзіне ең сұмдық жамандық жасағандай соншалық жеккөре қарап тұр. Осыдан кейін ғана орнына қайтып оралып, жүгін иығына асты.

Түске таман құстар бұрынғыдан да мол батпаққа жетті. Жиырма шақты бұғы үйірі мұны мазақ еткендей жанап өтті, □ жақын маңнан өткені сонша, мылтықтан жалп еткізуге болатындай. Бас салып соңдарынан қуғысы келген, долы сезімнің бойын буғаны сонша, әлгі үйірді қуып жететініне сенімді-ақ. Тура қарсы маңдайдан аузына құр тістеген қара-қоңыр түлкі шыға келсін. Бар даусымен айқайлап жіберді. Айқайы тым қорқынышты естілді, бірақ зәресі ұшса да әлгі түлкі жемтігін аузынан тастаған жоқ.

Кешқұрым ернеуіне сирек қамыс өскен, әктен лайланып аққан жылғаның жағасымен ілбіп келе жатты. Қамыс сабағының тамырға таяу тұсынан мықтап қармап, кішкентай пиязшыққа ұқсайтын түбірін суырып алған. Титтейлігі соншалық, мық шегедей ғана. Пиязшық жұп-жұмсақ екен, тіс арасында қаршылдатып шайнады-ай. Тек тарамдалған талшықтары қап-қатты әрі жидек сияқты тым сулы көрінеді, талғажау болар түрі жоқ. Иығындағы жүгін лақтырып тастай салып, қамыс арасында төрт тағандап жүре бастасын. Күйіс қайырған малша қамысты қаршылдата шайнап, аузын сылпылдатады кеп.

Әбден-ақ қалжырады, әлсін-әлсін жерге жата қалып, ұйқтағысы келеді, бірақ Титімдей таяқшалар еліне жетуден әлі үмітті, тіпті, одан гөрі аштық тыныш таптырар емес. Алыс Солтүстікте жауын құртының да, құрбақаның да болмайтынын жақсы білгенмен, көлшіктерден құрбақа, топырақты бұрқырата қазып жауын құртын іздеді.

Әрбір шалшыққа көз тастап-ақ келеді, ақыры қас қарая осындай шалшықтардың бірінен теңге балық □ титімдей жалғыз шабақ көзіне ілінді.

Иығына дейін оң қолын суға батырған, бірақ, балықтың ұстата қояр түрі байқалмайды. Одан соң қос қолдап ұстауға кірісті де, су түбіндегі бар лайды көтерген. Толқығаны соншама, аяғы тайғанақтап, сұлап та түсіп, белуарына дейін суға малшынды. Суды да лайлағаны сонша, әлгі шабақты байқаудың өзі бір мұң, ақыры лай тұнғанша тосуға тура келді.

Ол тағы да шабақты аулауға жан сала кірісіп, көлшік қайтадан лайланғанша қуалаумен болды. Одан әрі күтуге мүмкіндігі жоқ. Қалайы бақыршағын шешіп ап, суды сыртқа төге бастаған. Әуелі қасарыса, дүлейленіп төккен-ді, үсті-басы суға малшынып, шалшыққа жақын маңға төккені сонша, су қайтадан көлшікке ағып құйылумен болды. Енді жүрегі үстін-үстіне дүрсілдей соғып, қолдары дірілдегеніне қарамастан абайлап төгуде. Жарты сағаттан соң шалшықта су қалмады десе де болады. Көлтабанда іліп алар ештеңе қалған жоқ. Өкініштісі сол, әлгі шабақ та зым-зия. Ол тастар арасындағы кішкентай, елеусіз жарықты енді аңғарды, балық сол арқылы келесі көлшікке жып ете қалған екен. Ал ондағы судың көл-көсірлігі соншалық, мұндағы суды күні бойы қотарсаң да тауыса алмас едің. Өттең, тесікті бұрынырақ байқағанда әуелден-ақ таспен бітеп тастап, шабақ бұған бұйырар еді да.

Ол шылқылдаған жерге отыра кетіп, торығудан жылап жіберсін. Әуелі ақырын жылаған, одан кейін өзін қоршаған мейірімсіз өлі аймақты марғаулықтан оятып, қатты өкіріп жылады: осыдан соң да иығы селкілдеп, жанарынан жас тамбай ұзақ өксіді.

От жағып, қайнаған құр суды үстемелей жұтып жылынғаннан кейін өткен түндегідей биіктеу тастақ жерге төсегін жайды. Ұйқыға кетер алдында шақпақ шилерінің құрғақтығын тексеріп, сағатының құлағын да бұрауды ұмытқан жоқ. Жамылғысы су-су екен, қолы тигенде мұп-мұздай болып сезілген. Аяғы жан шыдатпай ауырып, денесі отқа оранып жатыр. Дегенмен, ол тек аштықты ғана сезінуде, түнде де қонақтар жиналған түскі ас, аста-төк тамақ үйілген үстел, шалқыған думан түсіне кіріпті.

Дірілдей әрі дел-сал болып оялды. Күн көзі көрінер емес. Жер мен көктің сұрғылт бояуы қалыңдана қарауытып, түпсізденіп аңғарылады. Өкпек жел ұйтқи соғып, алғашқы қар маңайдағы төбелерді аққа ораған. От жағып, су қайнап үлгергенше ауа кілегей тартып, ағайраңданды. Бұл □ жапалақтап дымқыл қар жауа бастағаны. Әуелде қар жерге жетер-жетпес күйде еріп жатты, бірақ қара жерді жаба тұтаса қалың жауғаны сонша, жинаған мүктерінің бәрі су болып, от та өшіп қалды.

Осы жайт тағы да жүгін иығын асып, бағдары беймәлім жаққа, тек алға қарай ілбуіне белгі болған. Ол енді Титімдей таяқшалар елі туралы да, Билл жайлы да, Диз өзенінің жағасындағы құпия орын жөнінде де ойлаған жоқ. Оны тек бір ғана тілек: тамақ қана мазалауда! Аштықтан басы шыр айналды. Енді оған қайда жүрсе де бәрібір еді, тек жазық жермен ілби берсе болғаны. Дымқыл қар астынан қармалап суға бөрткен жидектер іздеді, қамыс түбірлерін тамырымен суырды. Бұлардың бәрі түк татусыз еді, оның үстіне талғажау болар түрі де көрінбейді. Бұдан кейін қышқылтым дәмді әлдеқандай шөп ұшырасқан, амал не, жербауырлай

өскен, содан да қар астынан табу қиямет-қайым шөп тым мардымсыз боп көрінген, әйтеуір қолына іліккенін жалма-жан жеп қойды.

Бұл түні от жағып, су қайната да алмады, амалсыз жамылғы астына кіріп, аштықтан мазасыз ұйқыға берілді. Қар мұздай жауынға айналған. Бетіне жаңбырдың қайта-қайта тиюінен шошып оянумен болды. Тағы бір күн □ жарығы жоқ сұрқай күн басталды. Жауын тоқтапты. Енді жүргіншінің аштығы басылған сияқты боп көрінген. Тек асқазанында үзбей сыздаған ауру бар, бірақ бұл өзін онша қинамайтын да сияқты. Санасы айығып, Титімдей таяқшалар елі мен Диз өзенінің жағалауындағы құпия орын туралы тағы да ойлай бастады.

Бір жамылғының қалдығын ұзынша таспа етіп жыртып, қаны шыға ойылған аяғын орады да, ауырған тобығын қайта таңып, күндізгі жүріске дайындалды. Жүктерін жинастырған сәтінде бұғы терісінен тігілген қалтаға көз алмай ұзақ үңілсін, дегенмен ақыр соңында оны да жолға ала кеткен.

Жаңбыр қарды ерітіп, тек төбелердің ұшы ғана ағарып жатыр. Күн шықты □ енді өзінің бағыттан адасқанын білсе де, жүргінші айналаны бағдарлауға мүмкіндік алды. Сірә, соңғы күндері жаңылысып жүріп, терістікке тым бұрылып кеткен болар. Енді ол дұрыс жолға түсу үшін оңтүстікке қарай бұрыла жүрді.

Аштықтың азабы азая түскен, бірақ өзінің де әл-дәрмені қалмағанын сезеді. Жиі кідіріп, батпақ жидектері мен қамыстың түбірін жинай жүріп демалуға тура келуде. Тілі ісініп кетті, тілім-тілімі шыға ойылып кеткен сияқтанып, құп-құрғақ болып қалыпты, тек ұрты ғана запыран дәмге толы. Ең бастысы, жүрегі жиі мазалауда. Қысқа сәттік жүрістен соң-ақ тынбай дүсірлеп, іле-шала тынысы бітіп, басы шыр айналады да, естен танып құлардай дүрс-дүрс соғып бұлқынады кеп.

Түске таман үлкен бір шалшықтан екі теңге балықты байқаған. Суды сыртқа төгу мәнсіз еді, дегенмен ол енді неғұрлым сабырлы болатын, содан ба, қалайы бақырашпен сүзіп алудың иіні түсті. Олардың үлкендігі саусақтай ғана, одан үлкен емес, бірақ мұның бұрынғыдай тамақ жегісі жоқ. Асқазаны қалғып кеткендей ауруы ақырындап басылды, енді онша қинай бермейді. Балықтарды шикілей жеп, асықпай шайнаумен болды әрі мұның өзі ең дұрыс шешім болатын. Тамақ жегісі келмейді, десе де аман қалуы үшін осылай ету қажет-ақ.

Кешқұрым тағы да үш шабақ ұстады, екеуін жеп алды да, үшіншісін азанғы асқа қалдырды. Әредік жолыққан томарларды күн кептіріп үлгеріпті. Су қайнатып, бойын жылытқан. Бұл күні ол он миллиден артық жүре алған жоқ, ал ертесіне жүрегі мүмкіндік берген сәттерде ғана сүйретіліп, бес миллиді ғана артқа қалдырды. Ең бастысы, асқазаны мүлдем қалғып кеткендей түк те ауырар емес. Бұл маңай мүлдем бейтаныс, бұғылар да жиі ұшыраса бастады. Қасқырлар да. Олардың ұлығаны алыстағы меңіреу аймақтардан жиі естіліп, ал бірде мұның жолын кесе бұқпантайлап жүгірген үш қасқырды да байқады.

Тағы бір түн артта қалды, ертеңіне таңертең берік шешімге келген ол тері қалтаның аузын буған жіпті шешті. Қалтадан сусылдаған алтын құм мен кесек алтындар сарғылтым ағын болып төгілсін. Алтынды екіге бөліп, бірін алыстан андағайлап көрінетін жартастың шоқысына жасырды да, қалғанын қайтадан

қалтаға салған. Соңғы жамылғысын да аяғын орауға жұмсады. Әйтсе де, мылтығын әлі тастар емес, өйткені, Диз өзенінің жағасындағы құпия орында оқ-дәрілер аса мол.

Күн тұманды болды. Дәп осы күні аштық сезімі қайта бас көтерсін. Жүргіншінің қатты қалжырағаны әрі басы айналғаны соншалық, ара-тұра көзі түк көрмей қалады. Енді ол ылғи сүрініп, құлаумен болды, бірде құрдың ұясының дәл үстіне сұлап түсті. Ұяда жаңа жұмыртқа жарған, көздерін ашқандарына бір күн ғана болған төрт балапан бар; титімдейліктері сондай, әрбіреуі бір-бір жұтуға ғана жарайды; ашқарақтана жегені сонша, оларды аузына тірідей тықпалады; әлгі бейшаралар тісінің арасында жұмыртқа қабығындай қытырлайды. Аналық құр жан ұшыра қиқулап, мұны айнала ұшып жүр. Мылтықтың дүмімен соғып түсіргісі келген, бірақ бұлт етіп жалтарып кетті. Осыдан кейін оған тас жаудыра бастады да, қанатынан жаралады. Сынған қанатын сүйретіп, ұшуға талпынған құр бұдан аулаққа бас сауғаламақшы.

Әлгі балапандар тәбетін шын оятыпты. Ебедейсіз секіріп, ауырған аяғына салмағын сала шойнаңдаған күйі құсқа тас лақтырып, қырылдай айқайлайды, біресе құлаған орнынан түнеріп әрі тістене шыдамдылықпен көтеріліп, үн-түнсіз түрегеледі де, бас айналуын серпіп, естен танбас үшін көзін қолымен уқалап-уқалап қояды.

Құрдың ізімен салпақтағаны оны батпақты жазыққа алып келді, осы жерде су-су мүктің бетіндегі адамның ізін байқады. Іздері мұныкі емес □ бұны жақсы біледі. Ендеше Биллдің ізі болғаны ғой. Бірақ, бұл кідіре алған жоқ, себебі аппақ құр одан әрі жандалбасалап қашып бара жатыр. Бұл әуелі соны ұстауға тиіс, содан соң ғана қайтып оралып, іздерді жақсылап қарамақшы.

Құсты қалжыратып-ақ тынды, бірақ өзінің де әл-дәрмені қалмаған. Әлгі құр демін қинала алып, бір бүйірлеп бұқпантайлауда, бұл да одан оншақты қадам жерде ентіге дем алып, жақынырақ еңбектеп баруға шамасы жетпей жатыр. Біраз ентігін басып, күш жинады да, ашкөздене қол созғаны сол-ақ, құс қанатын қалбаңдата тағы да қаша жөнелді. Құғын қайта басталды. Бірақ қараңғылық қымтап алып, құс бой жасырып үлгергені. Қалжырағаннан сүрініп, арқасындағы жүгін ағытпастан етпетінен құлап түсіп, бетін оңдырмай жаралап алсын.

Ол көпке дейін қыбырламай сұлап жатты, сосын ғана бүйіріне аунап түсіп, сағатын бұрап қойды да, осылай таңға дейін қимылсыз қалды.

Тағы да тұман. Жамылғының жартысын аяқ орағышқа жұмсады. Биллдің ізін таба алған жоқ, бірақ енді оның түк мәні жоқ-ты. Аштық еріксіз алға қуалап келеді. Бірақ, егер... Билл де адасып кетсе ше? Түске таман әл-дәрменнен мүлдем айрылды. Тағы да қалған алтынын бөлген, бұл жолы жартысын жерге лақ еткізіп төге салған. Кешқұрым өзінде қалған жартысын да лақтырып тастай салды, өзімен бірге жыртқық жамылғының жартысын, қалайы бақыршақ пен мылтықты ғана қалдырды.

Қайдағы жоқ ойлар қаумалап алсын. Неге екенін кім білген, мылтығында бір оқтың қалғанына әбден сенімді, □ иә, мылтығы оқтаулы, тек бұл оны аңғармағаны кәміл. Сонымен бірге мылтығында оқ жоқ екенін де әбден жақсы біледі. Тосын

ойдың шырмап алғаны соншалық, қыр соңынан қалар емес. Сағаттар бойы алдамшы үмітін жеңе алмай арпалысты, тіпті, болмаған соң көзін біржола жеткізу үшін мылтығының ұңғысын қайта ашып қараған. Мылтық ұңғысынан шынымен-ақ оқ табыла ма деп сенгендей-ақ қатты түңілгені.

Тағы да жарты сағаттай өтті, жабысқақ ой қайтадан шырмап алсын. Бой бермей қасарыса, өз-өзіне дем бере мылтығын тағы да ашып қарады. Ара-тұра ақыл-есі тұмантып, одан әрі санасыз қалыпта сүйретіліп келе жатыр: тосын ойлар мен адам сенбес қиялдар миын құртша кеулеп барады. Дегенмен, жылдам есін жиып алуда, □ аштық азабы нақты өмірге үздіксіз қайтып қуып әкелуде. Енді бірде тіпті оқыстан есінен тандырып түсіре жаздаған оғаш көрініс санасындағы тұманнан айықтырды.

Ол теңселіп кетіп, мас адамдай тәлтірек қақты, бірақ аяғынан тік тұрып қалу үшін бар күшін жұмсап бағуда. Қарсы алдында жылқы тұр. Кәдуілгі ат! Өз көзіне өзі сене алар емес. Жанарын қалың тұман торлап, өткір жарық сәулелер қарашығын тесіп барады-ай. Ол үстемелете жанарын сүртіп жатып, көзі тұманнан айыққанда қарсы алдында жылқы емес, үлкен қоңыр аюдың тұрғанын аңғарды. Жыртқыш аң бұған сұстана әрі қызықтап қарайды.

Мылтығын кезене көтермек болды да, тез қайта ақылға келді. Қаруын жерге түсіріп, моншақ теріп тігілген қынынан аңшы пышағын суырып алсын. Қарсы алдында ет тұр, ал ет □ өмір! Бас бармағымен пышағының жүзін басып-басып көрген. Жүзі қылпып-ақ тұр, ұшы да өткір. Қазір бұл аюға бас салып, оны өлтіреді. Бірақ жүрегі алдын ала сақтандырғандай дүсірлеп қоя берді: түк, түк, түк □ содан соң ыршып түсіп, тамағына тіреле дірілдеп сала бергені; темір құрсау қысқандай шекесі де сынып барады □ көздері қарауытып кетсін.

Көзсіз батылдығын үрей толқыны жеңді. Бойында түк күш-қуат жоқ □ ал бұған аю дүрсе қоя берсе қайтпек? Бойын барынша тіктеп, неғұрлым зор болып көрінуге күш салды-ай, пышағын қыса ұстаған күйі аюдың көзінен жанарын тайдырар емес. Қорбандаған жыртқыш алға қадам жасап, екі аяғынан тік тұрды да, ырылдай ақырып жіберген. Егер адам жандалбасалап қаша жөнелгенде аю ізінен қуа жөнелер еді. Бірақ адамның үрейін көзсіз батылдық жеңіп, тұрған орнынан қозғалған жоқ: ол да ақырып қоя берді, осы арқылы тіршілікпен үзбей байланыстағы әрі оның терең қатпарындағы қорқынышын аңғартқан.

Қасқайып қарсы алдында тұрған әрі өзінен еш қорықпаған жұмбақ пәледен аюдың өзі де зәре-құты қалмай, қорқынышты қалыпта ырылдаған күйі бір бүйірге қарай ығысты. Сөйтсе де адам әлі орнынан қозғалар емес. Қауіп серпілгенше жерге шегеленіп қалғандай көрінді де, сәлден соң безгек тигендей өн-бойы дірілдеп-қалшылдап, сулы мүкке сұлап түсті.

Аздап қуат жиған соң бойын одан әрмен тосын үрей шырмап, ауыр жолға аттанды. Бұл аштан өлу үрейі емес: енді бұл өмірін сақтауға деген ең соңғы үміті аштықтан біржола өшкенге дейін жыртқыштардың аузынан қорлықпен жан тапсырудан қорықты. Айналада қасқырлар өріп-ақ жүр. Меңіреу өлкенің әр қиырынан олардың ұлығаны құлаққа жетуде, айнала ауаның өзі де осынау қауіп-

қатерге тұнып тұрғаны соншалықты, жел шайқаған шатырдың кенебіндей теңселіп, торлаған әлгі қауіп-қатерден сақтанағандай болып еріксізден қолдарын көтерді.

Қасқырлар ара-тұра екеу-үшеуден жолын кескестеп өтуде. Дегенмен, олар әзірге жақындай қойған жоқ. Олар соншалықты көп те емес: оның үстіне, бөрілер өздеріне қарсыласпайтын бұғыларды аулап әдеттенген, ал мына бір жұмбақ мақлұқ қос аяқтап жүреді, яки, тырналап әрі тістеуі де ықтимал.

Кешқұрым қасқырлар қуып жеткен жеріндегі жемтіктерінің шашылған сүйектеріне жолықты. Бір сағаттай бұрын ғана бұл құлдыраңдап әрі мөңіреп жүрген бұғы бұзауы болатын. Жүргінші тап-таза етіп мүжілген, жылтыр, бірақ тірлік белгісі □ қызғылтым бояуы әлі кеппеген сүйектерге көз алмай қарап тұр. Бәлкім, күн батпай тұрып-ақ мұның да саудыраған сүйектері қалар? Өйткені, жылдам зуылдайтын қарбалас өмір осындай ғой. Тек өмір ғана пендені күйзеліске мәжбүрлейді. Өлім деген қиын емес. Өлім □ ұйқы! Өлім □ бұл бәрінің де аяқталуы, тыныштық қана. Дегенмен, мұның өле қойғысы да келмейтіні неліктен?

Бірақ, ол мұны ойлап көп бас қатырған жоқ. Ұзамай-ақ жүрелей отыра кетіп, тіршілік нәрі □ қызғылтым бояуы әлі тарқай қоймаған сүйектерді көлденең тістеп, үсті-үстіне сорғылап қойып қаршылдатып шайнасын. Қызыл еттің білінер-білінбес қана әрең сезілетін, бірақ естен кетпейтін тәтті дәмі жындандырып жібере жаздайды. Ол тістене түсіп, саудыраған сүйектерді үстемелете мүжіп жатыр. Кейде сүйек сынады, кейде тісі опырылып түсуде. Тіпті болмаған соң сүйектерді таспен уатып, ұнтақтап жіберді де, өші кеткендей қомағайлана жұта бастады. Жан далбасалағанда саусақтарын да ұрып алуда, асығыстығына қарамастан жазатайым соққылардан соң да неліктен ауруды сезінбейтініне аң-таң қалған.

Жаңбыр мен қардың қорқынышты маусымы басталды. Ол енді қай уақытта түнемелікке тоқтап, қай уақытта тағы да жолға аттанғанын ұмыта бастады. Уақытты айырмай, күні-түні ілби берді: құлаған жерінде демалып, үзіліп бара жатқан өмір оты қайтадан жалт етіп, жарқырай жанғанда алға сүйретіліп келе жатыр.

Бұдан былай ол өмір үшін күрескен адам сияқты да емес еді. Оны тек бойындағы беймезгіл өшкісі жоқ өмірге құштарлығы ғана алға қарай қуалауда. Тіпті, ол енді қиналуды да қойған. Жүйкесі біржола семіп қалғандай түк сезінуден де қалып, миын оғаш қиялдар қаумалап, жиі-жиі ғажайып түстер көреді.

Ең соңғы бөлігіне дейін қалдырмай жинап алған сүйектердің ұнтағын қомағайлана шайнап, сорумен болды. Бұдан былай ол төбелерге шығуды, су айрықтарын кешіп өтуді доғарып, тек кең жазық төсімен ағып жатқан үлкен өзеннің жайуат жағалауымен сүйретіліп келеді. Көз алдын түрлі елестер торлап алған. Байланыстырар арқаудың жіңішкергені соншама, сәл-сәл ғана бөлек жан мен тәні қатарласа ілбитіндей.

Бірде таңертең жалпақ тастың үстінде жатып есін жиған. Күн жарқырап көрініп, нұрлы шуақ төгуде. Алыстан бұғы бұзауларының мөңірегені естіліп қалуда. Жаңбыр жауғанын, жел соғып қар ұйытқығанын еміс-еміс біледі, бірақ өзін

жауын-шашын қанша әбігерлегенін, оның екі күн немесе екі аптаға созылғанын дөп біле алар емес.

Ұзақ уақыт бойы еш қыбырсыз жатты: жомарт күн мұның әлсіреген денесіне жылу құйып, шуақты сәулелерін бетіне төгуде. «Күн тамаша екен!», - деп ойлады. Бәлкім, енді күнге қарап бағытын анықтауға болар. Бар күшін жиып, бүйіріне аунап түскен. Ана жақта, төменде өзен баяу ағып жатыр. Өзен бұған мүлдем бейтаныс болатын. Өзі осыған дейін көрген қыраттардан әлдеқайда аласа, тұнжыр әрі жадағай, түнеріңкі төбелердің арасымен ирелеңдей аққан өзеннің ағысына енжар көз тастап жатып, көкжиекке дейін көз жүгіртті де, өзеннің жарқыраған ашық теңізге құятынын көрді. Дегенмен, ол бұған да таң қалған жоқ. «Қызық екен, □ деп ойлады тағы да. □ Бұл сағым ба, әлде елес, ауру қиялдың әсері ме?». Жарқыраған теңіздің ортасында зәкір тастап тұрған кемені байқағанда өз жорамалына біржола мойынсұнған. Бір сәтке көзін жұмып, қайтадан ашты. Мәссаған, елес серпілетін емес! Әй, таңданатын түк жоқ-ау. Өйткені, оқтаусыз мылтығында оқ-дәрінің жоқ екені қалай кәміл болса, осынау меңіреу, тақыр жердің қақ жүрегінде теңіздің де, кемелердің де болмайтынына әбден сенімді.

Ту сыртынан әлдекімнің ентіге тыныс алғанын естіді, □ не күрсінгені, не жөтелгені белгісіз. Бойын сірестіре бұған әлсіздікті әрең жеңіп, бір бүйіріне қарай аунап түскен. Жақын маңнан көзіне ештеңе іліне қойған жоқ, сосын асықпай тосуға көшті. Өзінен жиырма қадамдай жерде екі үшкір тастың арасынан сұр қасқырдың басы қылтиып, тағы да ентіге дем алу мен булығы жөтелу естілді. Осыған дейін көрген қасқырлардай құлағы тікірейіп тұрған жоқ, көздері тұманданып әрі қанталап кетіпті: мойны да әлсіз салбырайды. Сірә, қасқыр ауру сияқты: тоқтаусыз жөтеліп, түшкіре береді екен.

«Ал бұл енді маған елестеп тұрған жоқ, □ деп ойлаған ол елес мұнары тұмшаламайтын шынайы дүниені көру үшін екінші бүйіріне аунап түсті. Сөйткенмен, алыста әлі де теңіз жарқырап жатыр, кеме де анық көрінеді. Бәлкім, осының бәрі шындық шығар? Ол көзін жұмып, ойға шомды □ мән-жайдың неде екенін ақыры ұқты-ау. Ол ылғи солтүстік-шығысқа жүріп, Диз өзенінен алыстай берген, сөйтіп Коппермайн өзенінің жағалауына жеткен. Мынау баяу аққан жалпақ өзен □ Коппермайн еді. Анау жарқырап жатқан теңіз □ Мұзды мұхит! Ал ана кеме □ Маккензи өзенінің сағасымен шығысқа қарай ішкерілеп жүзген кит аулаушылардың кемесі және енді ол Тәж кию шығанағында зәкірде тұр. Гудзон шығанағы Компаниясының бір кезде өзі көрген картасын есіне түсірді де, бәрі айқын әрі түп-түсінікті бола кетті.

Бойын тіктеп отырып, ең қажетті, тығыз істерді ой сарабынан өткізе бастады. Жамылғыдан ілдебайлаған аяқ орағыштары мүлдем іске алғысыз болып, аяқтары қызыл етіне дейін қажалыпты. Ең соңғы жамылғы да әжетке жаратылды. Мылтық пен пышағын да әлдеқайда түсіріп алған. Малақайы да, оның астарына тығылған шилері де зым-зия, есесіне, теріге оралып, темекі қалтаға салып, қойнына тыққан шилері дін аман әрі құп-құрғақ. Ол сағатына көз тастады. Сірә, мұны бұрап қоюды жадынан шығармай жүргенге ұқсайды.

Енді неғұрлым сабырлы әрі ақыл-есі айқын болатын. Соншалық әлсіздігіне қарамастан, еш жерінің ауруы сезілер емес. Тамақ жегісі де келіп тұрған жоқ. Тіпті, тамақ туралы ойлаудың өзін қойған, немен айналысса да істерінің бәрін саналы күйде атқаруда. Шалбарын тізеден жыртып, аяғының басын орап тастады. Бірақ бақырашын тастар емес: кемеге қарай сапарын бастардан бұрын қайнаған су ішіп алуы керек, □ бұл жол ауыр қиямет боларын алдын-ала біліп-ақ тұр.

Бар қимылы өте баяу еді. Бойын сіреспе бұғандай дірілдеп-қалшылдайды кеп. Құрғақ мүкті көптеп жинағысы келген, бірақ аяғынан тұра алмады. Әлденеше рет түрегелуге де ұмтылды, онысынан түк шықпаған соң еңбектей бастады. Бірде ол, тіпті, ауру қасқырға мүлдем жақын еңбектеп барды. Жыртқыш лажсыздан қашқақтап, тілін күшене қозғап, тұмсығын жиі жалаумен тұр. Қасқырдың тілі сау, қып-қызыл емес, қайта сарғыш қоңыр, кебу сілекей жылбысқылана жапқанын аңғарды.

Қайнаған су ішіп, орнынан тұра алатынын, тіпті, қуаты қашып, әбден әлсірегеніне қарамастан жүре алатынын да сезді. Оған әр минут сайын демалуға тура келсін. Әлсіреген, қалт-құлт еткен қадамдармен ілбіп келеді, оның соңынан қасқыр да осындай әлсіз, қалтылдаған күйде сүйретіліп келе жатыр.

Бұл түні, жарқыраған айдын көзден таса болғанда жүргінші теңізге төрт милльден артық жақындамағанын түсінді.

Түні бойы ауру қасқырдың жөтелгенін, ара-тұра бұғы бұзауларының мөңіреуін естіп шықты. Айнала өмір қайнап жатыр, бірақ сол тіршілік пәрменді қуат пен саулыққа толы, ал өз басы ауру қасқырдың ауру адамның соңынан сүйретіліп келе жатқанын және мына адам бірінші боп өлсе деп тілейтінін жақсы-ақ біледі. Таңертең көзін ашқан бетте ол қасқырдың өзіне жабырқау әрі ашқарақтана қарап тұрғанын байқады. Таяқ жеген, ілмиген түнеріңкі итке ұқсайтын аң құйрығын бұтына қысып, басын төмен салбыратып алыпты. Азынаған желмен қалтырап, адам өзіне қырылдауық сыбырмен тіл қатқанда түнере тісін ақситты.

Жарық күн көтеріліп, жүргінші сәске бойы теңізге қарай сүріншектеп, құлап-тұрып сүйретілумен болды. Күн райы тамаша-ақ. Солтүстік ендіктерде болатын қысқа ғана қоңыр күздің басталған белгісі еді бұл. Шуақты күндер бір аптаға созылуы да мүмкін, тіпті, ертең, не болмаса арғы күні-ақ ауа райы бұзылуы ықтимал.

Түстен кейін шұбатылған ізге жолықты. Өзі жүріп өткен емес, төрттағандап сүйретілген адамның ізі болатын. «Бұл Биллдің ізі ғой, деп селқос қалпы немқұрайды ойлады. Бұған енді бәрібір болатын. Турасына келгенде, толқудан, бірдеңені сезінуден қалған. Денесінің ауырғанын да сезер емес. Асқазаны мен жүйкесі біржола ұйқтап қалғандай. Сөйте тұра бойындағы әлі оты өшпеген өмірге құштарлық алға сүйрелейді. Әбден қалжырады, бірақ бойындағы өмір оты өшкісі жоқ: сол өмір отының өшкісі келмегендігінен адам батпақ жидектерін теріп, теңге балықтарды қомағайлана жеп келеді, қайнаған суды ішіп, ауру қасқырдан көз алмай бақылап әуре.

Ол төрттағандап сүйретілген адамның ізімен ілбіп келе жатыр, көп ұзамай-ақ әлгінің өмірі қалай үзілгенін көрді: қасқырлардың ізі қалған дымқыл мүкте сүйектер шашылып жатыр. Тіпті, бұғы терісінен тігіліп, шымши буылған томпиған қалтаны да байқады, □бұл қалта да тұп-тура өзінікіндей еді □ өткір тістер енді дал-дұлын шығарыпты. Әлсіз саусақтары мұндай салмақты көтере алмаса да, әлгі қалтаны жерден іліп алған. Билл ең соңғы сәтке дейін қалтаны тастамапты. Ха-ха! Иә, бұл әлі де Биллге күлетін болады. Ол қырылдаған қорқынышты дауыспен күліп жіберді. Қарғаның қарқылына ұқсайтын сұмдық күлкі еді, ауру қасқыр да жабыға ұлып, бұған қосылды. Адам күлкісін демде кілт тыйды. Егер мынау шашылған қызғылтым, тап-таза сүйектер Биллдің қалдықтары болса, онда бұл Биллге қалай күлмекші?..

Теріс айналған. Иә, Билл мұны жолға тастап кетті, бірақ бұл алтынды алмайды, Биллдің сүйегін де сормайды. Егер өзінің орнында болса ол мұның сүйегін сорып, алтынын алған болар еді деп ойлады ары қарай сүйретіліп бара жатып.

Ол кішкентай көлшікке келіп жетті. Майда шабақтарды іздестіріп, суға қарады да, әлдене шағып алғандай шошына теңселіп кетсін. Өзінің суға шағылысқан сықпытын көрген-ді. Шағылысқан бейненің құбыжықтығы сонша, меңіреуленген жан-дүниесін шошынта астан-кестен етті. Көлшікте үш теңге балық жүзіп жүр, бірақ, шалшықтың үлкендігі сондай, төгіп тауысу мүмкін емес: балықтарды бақырашпен аулауға да тырысқан, алайда түптің-түбінде бұдан да бас тартуға тура келді. Шаршағаннан құлап түсіп, суға тұншығып өлемін деп қорықты. Сондықтан да құм қайраңдарда бөренелердің пырдай шашылып жатқанына қарамастан, бөренемен өзен бойлай жүзуге де сескенген.

Бұл күні ол кемемен екі арадағы қашықтықты небары үш милльге қысқартты, ал ертеңіне екі-ақ милльге жақындады. Бұл да Билл сияқты төрттағандап келе жатыр. Бесінші күннің кешіне қарай кемеге жеті милльдей қалған болатын □ енді күніне бір милльден артық жүре алмайтын. Қоңыр күз әлі аяқталған жоқ, бұл болса әлі де бірде төрттағандап сүйретіліп, енді бірде ес-түсінен танып құлайды, ауру қасқыр болса жөтеліп, жиі түшкіріп қойып баяғыша мұның ізінен қалмай келе жатыр. Тізесі қызыл еті шығып ойылды, табаны да: көйлегінің екі жағын жырттып, орап тастаса да қанды із мүк, тастардың бетімен шұбатылып келеді. Кездейсоқ артына қараған ол қасқырдың осы қанды ізді қомағайлана жалап жатқанына көзі түсіп, егер қасқырды бұл өлтірмесе, өзінің ақыры қандай болатынын көзін айқын елестетті. Міне, осыдан соң өмірде болатын ең қатыгез күрес басталды: төрттағандап еңбектеген ауру адам мен оның соңынан ілбіген дімкәс қасқыр бірін-бірі аңдып, шалажансар күйлерінде меңіреу даланы кесе өтіп сүйретіліп келе жатты.

Егер қасқырдың дені сау болғанда, адам мұнша қарсыласпас еді, бірақ оған мынау сілімтік, жеркенішті жыртқыштың жұмырына түсемін-ау деген жиренішті ой маза берер емес. Қандай жиренішті! Тағы да есеңгірей бастады, түрлі елестер санасын тұмшалап, арақідік айыққан сәттері тым қысқара әрі сирекси берген.

Әлдеқалай ол дәп құлағының түбінен әлдекім ауыр дем алғанын естіп есін жиып алды. Қасқыр кері ыршып түсіп, сүрініп кетті де, дінкелегеннен құлап қалды. Бұл күлкілі-ақ еді, бірақ адам езу тартқан жоқ. Тіпті, үрейленбеді де. Қорқыныш енді мұны қармауына іліктіре алмайтын. Алайда бір пәске санасы айығып, ойша жоспар құрып жатты. Енді кемеге бар болғаны төрт миллидей жер ғана қалды, одан еш қашық емес. Тұмантқан жанарын сүртпектеп, кемеңі айқын көруде, тіпті, жарқыраған теңізде жүзген ақ желкенді қайықты да айқын аңғаруда. Бірақ, бұл төрт миллиді жүріп өту мүмкін емес.

Мұны жақсы біледі әрі бұған немқұрайды қараған. Тіпті, жарты миллиді де еңбектеп өте алмайтынын сезеді. Дегенмен, оның өмір сүргісі келді. Өзі бастан кешкеннің бәрінен соң өле салу ессіздік болар еді. Тағдыр бұдан көп нәрсені талап етті. Енді ол ажал аузында тұрып та өлімге мойынсұнбас еді. Бәлкім, бұл нағыз ақымақтық шығар, дегенмен ол ажалдың тырнағына ілініп тұрып та берілмей, өліммен арпалысуда болатын.

Көзін жұмып, ұзақ уақыт бойы асықпай күш жиюмен жатыр. Жан дүниесін толқын сияқты жапқан ессіздікке берілмей, күшпен қарсыласып бағуда. Осынау сезім толқындана көтеріліп, санасын лайлайды кеп. Ара-тұра ессіздіктің құшағына шым батып, талықсып кетеді де, қайтадан есін жинауға жанталаса күш жұмсайды, ерік-жігерінің қалдығы қайтадан тіршілікке қалай алып келетінін сөзбен түсіндіру мүмкін емес.

Шалқасынан қимылсыз жатып, қасқырдың қырылға толы демі өзіне таяп қалғанын сезуде. Жиренішті дем бірте-бірте жақындап келе жатыр, ал уақыт болса шексіз созыла түсуде, бірақ адам бір рет те селт етіп, қыбырламады. Міне, әлгі дем дәп құлағының түбінен естілген. Қатты, құп-құрғақ тіл мұның бетін қырғыштай қырнап түссін. Қолдары кілт жоғары көтерілді де, □ басқа басқа, өзі осылай жылдам көтергісі келген-ақ, □ саусақтары құстың өткір тырнағындай бүрілді, амал не, ауаны ғана қармап жатыр. Жылдам әрі сенімді қимылдауға күш керек, ал мұның әл-қуаты қалмаған болатын.

Қасқыр шыдамды екен, ал адам одан өткен шыдамды-ақ. Естен танғысы келмей әрі өзін жегісі келетін, бірақ мүмкіндік болса мұның өзі оны жеуге даяр қасқырды андып жарты күн қимылсыз жатты. Ара-тұра естен танып кетеді де, ұзақ түс көреді: әйткенмен, ол барлық уақытта, түсінде де, өңінде де қырылдаған демді естіп, қырғыштай тіл денесін жалайтын сәтті тосумен болды.

Дем естілген жоқ, бірақ қырғыштай тіл қолына тигенін сезіп оянып кеткен. Азу тістер білегіне батып барады, сәлден соң қысым күшейе түсті □ қасқыр ең соңғы күшін жұмсап, өзі ұзақ андыған жемтігіне азуларын батырмақшы. Бірақ, бұл адам да ұзақ тосқан болатын, енді оның тістелген қолы қасқырдың тұмсығын қармай қысып алды. Қасқыр әлсіз жұлқынып, ал адамның бір қолы әлгінің тұмсығын қысып жатқанда, екінші қол да созылып, қасқырды шап берді. Тағы бір бес минут сырғып өтті, енді адам қасқырды баурына алып, бар салмағымен жерге жабыстыра түскен. Қасқырды тұншықтырып өлтіруге қолдарының күші жетер емес, бірақ адам қасқырдың мойнына бетін тақап алды да, аузы жүнге толып кетті.

Тағы да жарты сағат өткен, енді адам тамағына жылы қан құйыла бастағанын аңғарды. Асқазанына қайнаған қорғасын құйғандай-ақ жан төзгісіз, бірақ бар ерік-жігерін жинап, шыдап бақты. Осыдан соң адам шалқасынан аударылып түсті де, терең ұйқыға кетті.

«Бедфордң кит аулайтын кемесінде ғылыми экспедицияның бірнеше адамы бар-ды. Палубада тұрған олар жағалауда жылжыған әлденені аңғарды. Әлгі нәрсе құм бетімен әрең сүйретіліп, теңізге қарай жылжып келеді. Ғалымдар оның не нәрсе екенін түсіне алған жоқ, сондықтан жаратылыс танушылардың әдетімен қызыға қайыққа отырып, жағалауға қарай жүзе жөнелді. Олар тірі адамды көрді, бірақ оны адам деп айтудың өзі мүмкін емес. Ол ештеңе естімейді, түк түсінбейді және зор құрт сияқты құм бетімен ирелеңдеуде. Оның алға жылжитын да түрі жоқ, бірақ алған беттен қайтар емес, бүктетіле ирелеңдеп, сағатына жиырма қадамдай ғана алға жылжуда.

Үш аптадан соң әлгі адам кит аулайтын «Бедфордң кемесінің кереуетінде жатып, көзінен жас парлай өзінің кім екенін және басынан не өткергенін айтып жатты. Ол өзінің анасы туралы, Оңтүстік Калифорния, гүлдер мен апельсин ағаштары арасындағы үй туралы байланыссыз әлденелерді күбірлеумен болды.

Тағы бірнеше күннен кейін ол ғалымдар және капитанмен бірге кеменің кают компаниясындағы үстел басына жайғасты. Тамақтың ас та төктігіне қуанып, жүзіне терең қапалану ізі тұна, өзгелердің аузына түскен әрбір кесек асты мазасыздана бақылайды. Ақыл-есі бүп-бүтін, бірақ үстел басында жайғасқандардың да бәрін жақтырмайды. Тамақ жетпей қалады-ау деген үрей оған маза берер емес. Ол қанша тамақтың бары туралы аспаз бен юнгадан, тіпті, капитанның өзінен де сұрастырумен болды. Олардың бәрі мұны тыныштандырып әлек, бірақ жан баласына сенбеген бұл бәріне көзін жеткізу үшін құпиялап ас қоймасына түсумен жүр.

Айналадағылар оның тез оңала бастағанын аңғарды. Күн санап семіріп келеді. Ғалымдар бас шайқап, түрлі жорамал жасасқан. Тамақ беруді шектеп те көрді, дегенмен ол көлденеңінен, әсіресе, белі тым қампайып бара жатыр.

Матростар күлісіп қояды. Олар бұған не себеп екенін жақсы білетін. Ал ғалымдар да мұны бақылай бастағанда, өздеріне де бәрі мәлім болды. Таңғы астан соң ол бакқа шығып, матростардың біріне қайыршыдай қол жаяды. Матрос мысқылдай жымыып, теңіздің кепкен нанының бір тілімін ұсына қояды. Сараң адамның алтынға қарағанындай тілім нанды ашкөздене алып, қойнына сүңгітеді бұл. Басқа матростар да мысқылмен жымыып, осындай садақаны беріп жүр.

Ғалымдар үндеген жоқ әрі мұны өз жайына қалдырды. Бірақ олар жасырын түрде кереуетін ақтарған. Кереует кепкен нанға толы екен. Төсеніш те кепкен нанға толы. Барлық қалтарыс, бұрыштарда кепкен нан үюлі. Бірақ, бұл адамның ақыл-есі бүп-бүтін еді. Бар болғаны ол аштыққа қарсы қор жинауда □ болған-біткені осы

ғана. Ғалымдар бұл жайттың өтпелі екенін сөз қылды. Расында да «Бедфордң Сан-Франциско айлағына зәкір тастағанша бұл да ұмытылды.